

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Оразгүл Мұхатова

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ  
ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2014

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ 63.3(5 каз)  
М 86

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
тарих факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесінің  
шешімімен ұсынылған

### **Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі **Х.М. Әбжанов**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Л.Т. Қожакеева**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор **С.М. Мәшімбаев**

### **Мұхатова О.**

**М 86** Патшалық Ресейдің отарлау саясатының әлеуметтік-экономикалық салдарлары: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 88 бет.

**ISBN 978-601-04-0344-4**

Бұл оқу құралында Ресей империясының отарлау саясатының әлеуметтік-экономикалық салдарлары қарастырылады. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауының тарихнамасы, сонымен қатар осы мәселеге қатысты тың деректер талданады. Дәстүрлі шаруашылықтағы өзгерістер, қазақ өлкесінің біртіндеп капиталистік қатынастарға енуі, жаңа кәсіпшіліктердің дүниеге келуі, өнеркәсіптің пайда болуы, темір жолдардың салынуы баяндалады. Урбанизация үрдістері, тауар-ақша қатынастары, қаржы жүйесінің пайда болуы туралы мәліметтер келтіріледі. Сондай-ақ, жаңа әлеуметтік топтардың қалыптасуы, қазақ даласына орыс шаруаларының қоныстануы және оның салдарлары талданады.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға және тарих пәніне қызығушылық танытатын көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5 каз)

ISBN 978-601-04-0344-4

©Мұхатова О., 2014  
©Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

## **МАЗМҰНЫ**

### **Кіріспе**

1. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы мәселесінің тарихнамасы
2. Қазақ даласының отарлануы туралы деректер
3. Дәстүрлі шаруашылықтағы өзгерістер
4. Отарлаудың өнеркәсіп пен саудаға, сонымен бірге тың бастамаларға тигізген әсері
5. Урбанизация үрдістері. Қаржы жүйесінің пайда болуы
6. Жаңа әлеуметтік топтардың қалыптасуы
7. Қазақ даласына орыс шаруаларының қоныстануы және оның салдарлары

### **Қорытынды**

## КІРІСПЕ

Тарих ғылымының түсіндіруінше, отар және отарлау саясаты – саяси және экономикалық дербестігінен айырылып, шетел мемлекеттеріне тәуелді болу және арнаулы тәртіпті басшылыққа ала отырып, жергілікті халықты қанау. Тарихта қашан да билеуші мемлекеттер бұндай елдер мен аумақтарда отарлау саясатын жүргізіп келді. Қазақ совет энциклопедиясында отарлауға «Отарлау саясаты – әскери, саяси және экономикалық кіріптарлыққа ұшырату арқылы экономикалық жағынан әлсіз елдер мен территориялар халықтарын құлға айналдыру және қанау саясаты» деген анықтама берілген. Таптық ұстанымға негізделсе де, бұл анықтама отарлаудың мәнін дұрыс ашқан, өйткені кез келген отарлаушы елдің өзіне бағынған аймақты тәуелді ететіні даусыз.

Отарлау саясатының барлық сатысында белгілі бір мемлекет басшылық рөл атқарды. Осындай рөлді патшалы Ресей де иеленді. Оның отарлау саясаты, негізінен, Оңтүстік-Шығыс және Шығыс бағытта жүргізілді. Орталық Азия мен Кавказ отарға айналдырылды. XVIII ғасырдың 30-40-жылдарында орыс өнеркәсібі жаңа шикізат көздеріне, қолөнері мен мануфактура бұйымдарын өткізетін шығыс рыногына зәру болды. Орыс үкіметі өзінің шығыс шекараларын шаруашылық жағынан игерудің және Шығыстағы саяси ықпалын нығайтудың бірден-бір дұрыс жолы Қазақстан мен Орталық Азия халықтарына Ресей азаматтығын беру деп есептеді. I Петрдің кезінде империяның шығыстық саясаты еуропалық рационалистік дүниетанымы мен теорияларға негізделіп қалыптастырылды. Империялық санаға Византия мен Рим империясының «мұрагері» – Ресей басқа халықтардың тағдырына «құдайлық» негізде де, «табиғи құқықпен» де ықпал етіп, билік етуі тиіс деген ұстаным мықтап ендірілді. Ортағасырлық ресми доктринаға толық сәйкес алғанда, мемлекеттің күш-қуаты және билік етуші монархтың даңқы оған бағынышты аумақтың мөлшерімен және бодандарының санымен анықталатын, ал соңғыларын алу ұрыс алаңындағы жеңістің де, дипломатиялық күрестің де күрделі айла-шарғыларының табиғи нәтижесі болып табылады. Осы түсінікті негізге алған I Петр, Астрахан жорығында тілмаш міндетін атқарған А.И. Тевкелевке: «...бағзы заманнан естіліп келген және сол кезде беймәлім деуге болатын қырғыз-қазақ ордаларын» «миллионға дейін шығын жұмсалса да... бар жан-тәнін салып, түптеп келгенде, бір-ақ парақ қағазбен Ресей империясының қарамағында болуға міндеттейтін болсын», – деп ұсыныс айтады. Осындай тапсырманың орындалуына Қазақ хандығында қалыптасқан жағдай да тиімді болды. Қазақ қоғамының ішкі күрделі даму жағдайларында, жоңғарлар мен Еділ қалмақтарының, башқұрттардың, Жайық және Сібір казактарының қоршауында, шын мәнінде, экономикалық оқшаулау, ұлы империяның тұрақты қысым көрсетуі жағдайында бола отырып, қазақ жүздерінің билеушілері Ресей империясы сияқтылардан одақтас іздеуге мәжбүр болды.

Ақыры Кіші жүз ханы Әбілқайыр өзіне қарасты халқының атынан 1731 жылы Ресей империясы бодандығын қабылдау туралы актіге қол қойды. XVIII ғасырдың бірінші жартысынан қазақ елін патша өкіметінің өзіне бағындыруы,

алдымен, казак отарлауы түрінде басталып, XIX ғасырда әкімшілік-саяси, ал сол ғасырдың екінші жартысында шаруалар және рухани отарлау арқылы жалғасын тапты. Оның салдары уақыт өткен сайын айқын көрінді. Алайда патшалық Ресей отарлаудың салдарын біржақты прогрессивті түрде дәріптеді. «Жабайы бұратаналарға империя білім, ғылым, мәдениет, заманауи тұрмыс-тіршілігін әкелді» деген тәрізді тұжырымдарды орнатты. Кеңестік кезеңде сталиндік тарих ғылымында Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауының және отар елге айналуының салдарлары туралы қызу пікірталастар орын алды. Ғалымдардың көпшілігі Ресейдің Қазақстанға тигізген әсері тек қана жағымсыз деген пікір ұстанды. Отар елдің жағдайының нашарлап, халқы санының азайғандығына дейін дәйек келтірді. Осыған орай ғылымда “абсолютті ыза” тұжырымдамасы қалыптасты. Тоталитарлық жүйенің ұстанымына мұндай пікір сәйкес келе алмады. Кеңес үкіметінің арнайы құрылған комиссиясы мәселенің “анағұрлым аз ыза” жағын көрсетуді жөн көріп, қаулы шығарды. Қазақстанды отарлаудың қазақ халқы үшін тиімсіз тұстарынан гөрі жағымды жақтарының басым екендігі туралы тұжырым жасалды. Мәселенің мұндай қойылымы XX ғасырдың екінші жартысында түбірінен өзгеріске ұшырады. Кеңестік тарих ғылымында «Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды» деген тұжырым біржола орнығып, отарлаудың салдары прогрессивті етіп көрсетілді. Тәуелсіздік жылдары отарлау салдарының әрқилылығы анықталды. Қазақ халқы үшін тиімді және қасірет әкелген тұстары шынайы зерттеле бастады. Бұл үдеріс өз жалғасын тауып, қазіргі кезеңде жаңа замандағы Отан тарихы жаңа көзқарастар тұрғысында жазылуда.

**Оқу құралының мақсаты** – патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау салдарын тарихи тұрғыда нақты мәліметтер арқылы көрсету. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мына төмендегі **міндеттер** қойылды:

- Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы тарихнамасын талдау;
- қазақ даласы отарлануының деректерін сипаттау;
- дәстүрлі шаруашылықтағы өзгерістерді қарастыру;
- отарлаудың өнеркәсіп пен сауда және жаңа бастамалардың тууына әсерін айқындау;
- урбанизация үрдістерін, банк және қаржы жүйесінің пайда болуын баяндау;
- жаңа әлеуметтік топтардың қалыптасуына тоқталу;
- қазақ жерлеріне орыс шаруаларының қоныстануы және оның салдарларын ашу.

Патша өкіметінің қазақ даласын отарлауы және оның салдарларын тарихи тұрғыда көрсетуде қазіргі кезеңдегі тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымында қолданылатын теориялар мен тұжырымдамалар, тарихшы-ғалымдардың ұлттық мүддедегі пайымдаулары, көзқарастары мен жаңа бағыттары басшылыққа алынды.

## 1. Жаңа замандағы Қазақстан тарихын зерттеу мәселелері

Отандық тарих ғылымында зерттеулер жүргізудің соны ұстанымдарын қалыптастыру әлі де жалғасып келеді. Дегенмен зерттеулер жүргізуде, оның ұстанымдарын көрсетуде ғылымда ала-құлалық байқалады. Мұның өзін тарихшылардың әлемдік ғылыми теорияларды енді ғана танып келе жатқандығымен түсіндіруге болады[1]. Сонымен қатар әртүрлі теориялар мен тұжырымдамаларды қамтып қалуға тырысушылық байқалады. Мұндай ғылыми тәсілдер әрқашан ұтымды нәтижелерге жеткізе бермейтіндігі мәлім. Осыған орай тарихи танымды, тың методология қалыптастырып, жетілдіруде дүниежүзілік ғылымдағы теориялар мен ілімдердің қазақ тарихын зерттеуге икемдісін таңдап алудың қажеттілігі туындайды.

Соңғы уақыттарда отандық ғылымда ғылыми таным жетіліп, жаңа білімге қол жеткізуде бұрынғы тұжырымдамалар мен теорияларға көзқарас өзгеріп, гуманитарлық ой-пікір өркениет теориясына бет бұрып келеді. Өйткені өркениеттілік ұстанымының тарихи оқиғалар мен үдерістердің алғышарттарын, себептерін, қозғаушы күштерін, барысын, салдарын, маңызын ашуда анағұрлым тиімді екендігі зерттеулерді жан-жақты әрі терең жүргізген сайын байқалуда. Оның үстіне өркениеттілікке тарихилық, объективтілік принциптері мен жүйелілік, біртұтастық, т.б. әдістер жинақталған. Қазіргі отандық тарих ғылымында өркениеттілік ұстанымына ерекше мән берілуде Осы турасында айта кетерлік жайт, өркениеттілік ұстанымының барлық қырлары қазақ тарихын зерттеуге тиімді ме деген сауал туындайды. Өркениеттілік бағыты ұғымының ауқымында біз өзіміздің ғылыми ұстанымымызды айқындауымыз қажет. Өркениеттілік, формациялық, т.б. баршаға таныс методологиялық және теориялық бағыттарды саралай отырып, объективті түрде ұлттық мүддеге сай келетін жаңа тәсілді қалыптастырғанымыз жөн. Өйткені олардың арасында анағұрлым тиімді бағыттар мен жолдар бар екендігі дау тудырмайды. Тарихилық принципінің оқиғалар мен үрдістердің тарихтан орын алғандығын шынайы көрсету үшін қажет болғандығы тарихи білімді дамытуда айқын көрінді. Сонымен қатар бұл принцип өткен замандардағы тарих туралы түсініктің шынайы болуы үшін де қызмет атқарады. Осы турасында қазақстандық тарихшылардың «Тарих – адам қызметі» деген қағиданы ұстануы орынды болып табылады. «Тарих – адам қызметі» принципі сонымен қатар саяси, географиялық, ұлттық этностық, жалпыадамзаттық көзқарастың бәрін аясына сиғызып жіберетін түсінік. [2, 20].

Тарихилық принципі қоғамдық тарихи үдерістің түрі мен сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол қоғамның даму эволюциясы мен соның ішіндегі әртүрлі әлеуметтік топтардың көзқарастарын ескеруде қолайлы алғышарт тудырады. Тарихилық диалектикалық даму ұғымымен тығыз байланысты. Тарихилық пен диалектикалық ұстанымдар көрсетілген мерзім шеңберінде Қазақстан мен көршілес елдер арасындағы өзара қарым-қатынастар тарихын халықаралық арена мен аймақ ішінде өрістеген үдерістермен тығыз байланыста, біртұтас динамикада қарастыруға мүмкіндік туғызды. Мәселен, XIX ғасырда Қазақстандағы жағдайды патшалық Ресей және

қытай өкіметі мұқият бақылап отырған. Қазақ елі екі алып көршілерінің ортасында өзіне тиімді саясатты ұстануға мәжбүр болды.

Өркениет теориясы бойынша өткен уақыттардағы тарихты бүгінгі күннің көзқарасымен емес, оқиға болған кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, зерттеу ұтымды. Мәселен, XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығының байланыстары тарихи оқиғалардың ағымында, мемлекеттердің саяси ұстанымдары шеңберінде, қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайының ауқымында қарастырылуы қажет. Тағы бір маңызды жайт, мәселені XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстанның геосаяси ахуалының астарында баяндау өркениеттілік теориясына сәйкес келеді. Сондай-ақ, екі мемлекет басшыларының мүдделері, патшалық Ресейдің ұстанымы, үш саяси құрылымның діттеген мақсаты бір-бірімен тығыз байланысы, сабақтастығы аясында зерттелуі тиіс. Сонда ғана орын алған тарихи оқиғалардың шынайы мазмұны ашылады. Тарихи оқиғалар мен үдерістерге ықпал ететін факторлардың бірі ретінде «географиялық орналасу» тұжырымдамасы Қазақ хандығының Ресей бодандығын қабылдау мәселелерінің түйінін шешуге септеседі. Екі алпауыттың ортасында орналасқан Қазақ хандығына саяси таңдау жасаудың оңайға түспегендігін ескерген абзал. Оның үстіне жақын көршілер өзара байланыстарда әрқайсысы өздері үшін ұтымды тұстарын іздейтінін назарға алу қажет. XVIII ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи оқиғалар мен үдерістерді қарастыруда дәстүрлі және географиялық факторларды жаңаша пайымдауда жазба деректерді сын тезінен өткізуге негізделген деректанулық тұжырымдамаларды пайдаланған ұтымды. Осы турасында қазақ-орыс, қазақ-жоңғар, қазақ-қоқан, қазақ-хиуа қарым-қатынастарының тарихына қатысты деректердің шынайылығын айқындауға жіті мән берілуі тиіс.

Қазіргі уақытта тарихты жасаушы жекелеген тұлғалар екендігіне оның өзі де куә. Тәуелсіз қазақстандық тарихшылар жаһандық зерттеушілер тәрізді осындай тұжырымға келіп отыр. Қазақтар мен көршілес елдер арасындағы байланыстардағы тарихи үдерістерге жекелеген адамдардың, яғни хандар мен сұлтандардың, билердің, батырлардың, т.б. қатысын анықтау маңызды. Мұның өзі адам қоғамның субъектісі, адам қызметін үйлестіруші қоғам, қоғамның қызметін үйлестіруші адам екендігін дәйектейді. Бұл тарихи тұлғалар халықаралық байланыстарының өрбуіне тікелей араласып, қоғамның бірігуіне және ыдырауына себепкер болған. Солардың атқарған рөліне байланысты XVIII-XIX ғасырлардағы еларалық қарым-қатынастардың деңгейіне баға беруге болады. Тарихтағы тұлғалардың алатын орны турасындағы ұстаным өткенді шынайы таразылауға да мүмкіндік тудырады. Тарихи тұлғалардың рөлін зерттеудің ұлттық тарих жазуда қажеттілігі маңызы зор. «Тарихымызда халқымыздың азаттығы үшін белсенді күрескен, алайда тарихи деректердің жеткіліксіздігінен аймақтық қайраткерлер деңгейінде қалып қойған тарихи тұлғалар аз емес... Тарихымызды қайта қарауда және толықтыруда ...ерен тұлғалардың қаһармандық қызметін ашып көрсету аса маңызды әрі өте қажет. Өкінішке орай, соңғы жылдары жоғарыда аталғандай жалпы ұлттық, жалпы қазақтық ірі тарихи тұлғаларды мақтан етуден гөрі

жергілікті рулық батырларды дәріптеу белең алып барады. Мұның болашақта қазақ арасында рулық және жүздік негізде жіктелу бағытын жандандыруы ғажап емес. Сондықтан да ұлтты ұйымдастыратын, ұлттық сананы оятатын және отансүйгіштікті өршітетін халыққа ортақ ірі тұлғаларды көтермелеуіміз аса қажет».

Ғылымда көршілес елдер арасындағы ынтымақтастық пен саяси қақтығыстар туралы теориялар бар. Осыған орай халықтар арасындағы байланыстар қақтығыстар мен ынтымақтастық тұжырымдамалары негізінде қарастырылады. Көршілес елдер арасындағы ынтымақтастық туралы ХІХ ғасырда Эмиль Дюркгейм арнайы тұжырымдама ұсынған. Ынтымақтастықты механикалық және органикалық деп екіге бөле отырып, оны ең жоғарғы моральдық принцип, әмбебап құндылық ретінде зерттеген. Жаңа замандағы қазақ тарихын мұнымен қоса ықпалдастық теориясы негізінде де қарастырған жөн, өйткені ол «отарлау саясаты қазақтар үшін прогрессивті сипатта жүрді» деген тұжырымды, сонымен қатар «абсолютті зұлымдық», «ең аз зұлымдық» теорияларының өрістуіне кедергі болады.

Төңкеріске дейінгі орыс тарихнамасында патша өкіметінің Қазақстанның оңтүстігіндегі экспансиялық саясаты «елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қорғаныс сипатындағы» әрекеттері ретінде көрсетілді. Ұлы жүздің Ресей империясының бодандығына өтуі «өз еркімен империя құрамына қосылуы» түрінде түсіндірілді. Кеңестік тарихнамада осындай пайымдаулар «анағұрлым аз ыза» тұжырымдамасының аясында Ұлы жүздің Ресей бодандығын қабылдауы «қазақтардың орыстармен жақындасуының салдары» ретінде саналды. Қазіргі орыс тарихнамасында кеңестік кезеңде тарих ғылымында үстемдік еткен көзқарастар сақталып келеді. Ал тәуелсіз отандық тарихнамада бұл мәселелердің барлығы жаңа тарихи таным тұрғысында зерттеліп, шынайы тұстары ашылып, ақиқатқа сәйкес тұжырымдар жасалуда. Ресейдің жалпы Оңтүстік Қазақстанға әскери экспансиясы, әсіресе, Ақмешітті, Түркістанды, Әулиеатаны, Шымкентті қорғаушыларды талқандауы ерекше қатыгездікпен және әскери тұрғыдан ақтауға болмайтын әрекеттермен жүргізілгенін ерекше атап өту қажет.

Ынтымақтастыққа қарама-қайшы қақтығыстар немесе жанжалдар туралы теорияны Ральф Дарендорф қалыптастырды. Ол қақтығыстың өзі үстемдік етуден туындайтындығын дәлелдеген. Мұндай тұжырымдамалар Орталық Азия хандықтарының қазақтарға қатысты пиғылы мен патшалық Ресейдің отарлау саясатының мәнін ашуға септеседі.

ХVІІІ-ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ тарихын зерттеуде феноменологиялық бағытты ұстану Қазақ хандығының шаруашылық, әлеуметтік және мәдени дамуының үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді, себебі ол қазақтың өткенін біржақты көшпенділер тарихы ретінде қарастыруға жол бермейді. Керісінше, қазақ тарихына номадтық өркениет тұрғысында қарауға бағыт көрсетеді.

Методологиялық ұстанымдарын айқындауда кезеңдеу немесе дәуірлеу түйіткіліне назар аударған абзал. Себебі тарихты дәуірлеу тарих



ғылымы методологиясының аса күрделі мәселелерінің бірінен саналады. Сондықтан оны айналып өте алмаймыз, өйткені әрбір тарихи кезеңнің өзіндік ерекшеліктері, даму заңдылықтары, өзіне тән белгілері бар. Тарихты кезеңдемей зерттеу оны бұрмалауға, қателіктерге және сынаржақ тұжырымдар жасауға жол ашады. Отандық тарихнамада дәуірлеудің өркениеттік тұжырымдамалары қалыптасып келеді. Мәселен, дәуір замандарға, заман кезеңдерге, кезең сатыларға бөлінеді. Жаңа заманның кезеңделуіне қатысты ғылымда әртүрлі пікірлер орын алған.

Сондай пікірлердің алғашқысын Алаш ардақтысы М. Дулатов танытқан. Міржақып 1923 жылғы «Шолпан» журналының №3-5 сандарында және «Қызыл Қазақстан» газетінің сол жылғы №17, 18 сандарында жарияланған «Қазақ пен қырғыздардың атауы мен шығуы туралы» мақаласында төңкеріске дейінгі қазақ тарихын төрт кезеңге бөледі. Оның екеуі Қазақ хандығының тарихына қатысты болса, соңғылары жаңа заманға тиесілі. 3-кезең. Жаулап алу кезеңі – XVIII-XIX ғасырлар; 4-кезең. Отарлау кезеңі – XIX ғасыр. Көріп отырғанымыздай, М. Дулатов қазақ тарихының кезеңдерін этникалық және саяси критерийді негізге ала отырып бөлген.

Кеңестік кезеңде Қазақстан тарихын дәуірлеу мәселелері әрі қарай жалғасып, бірте-бірте маркстік-лениндік методология үстемдік ете бастады. Оған дәлел С. Асфендияровтың «Қазақтар тарихының кейбір негізгі мәселелері» атты мақаласындағы жаңа замандағы қазақ тарихын «Отарлау кезеңі. Қазақстан патшалықтың отары және Қазақстандағы қазан революциясының алғышарттары» деп айдарлап, бір кезеңге бөлуі. Осы кезде ғылымда формациялық бағыттан өзге де принциптер қалыптаса бастады. К. Маркстің адамзат тарихын қоғамдық-экономикалық формацияларға: адамзат тарихын алғашқы қауымдық құрылыс, антикалық, құл иеленушілік кезең, феодализм дәуірі, капитализм дәуірі, коммунистік қоғам деп бөлу тұрғысындағы кезеңдеу бірегей болып саналды. Формациялық тұжырымдама кеңестік тарих ғылымының негізгі методологиялық іргетасы болып қаланды. Сондықтан да жаңа замандағы тарихтың кезеңдеуінің негізі болып капиталистік формацияның қалыптасуы және дамуы, гүлденуі, сонымен қатар прогресшіл таптың, яғни пролетариаттың, капиталистік формацияны жоюшы саяси күштің тарих сахнасына шығуы табылды. Мұндай тұжырымдаманың орын алуына тарихи материализм ықпал етті. Тарихи зерттеулердің ұзақ жылдар бойы методологиялық базасына үстемдік еткен тарихи материализм, негізінен, мынадай екі постулатқа негізделген-ді, біріншісі, экономикалық өмірдің қоғам өмірінің салаларынан басымдылығы, екіншісі, таптық күрес, тарихи процестің негізгі қозғаушы күші. Осының негізінде формациялық дәуірлеу бірден-бір шынайы әрі тарихты зерттеуге қолайлы болып шыға келді.

Кеңестік кезеңнің 1940-1950 жылдарында ғылымда Қазақстан тарихын қоғамдық-экономикалық формациялар алмасуы негізінде дәуірлеу біржолата орнықты. Құл иеленушіліктен басқа әрбір формация тарих толқынындағы Қазақстанның белестері ретінде қарастырылды. Осының нақты үлгісі ретінде бес томдық «Қазақ ССР тарихын» алуға болады. Оның үшінші томында жаңа

заман тарихының кезеңдері «Қазақстанның Ресейге қосылуы. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар. Ұлы Октябрь қарсаңындағы революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстар» түрінде көрсетілген. Г.Ф. Дахшлейгердің «Революцияға дейінгі Қазақстан тарихын кезеңге бөлу жайында» атты мақаласы осыған сәйкестендірілді. Себебі бұл 1957 жылы жарық көрген «ҚазССР тарихы» бұл жаңа басылымға дайындалып жатқан авторлардың қорытындысы еді. Баяндамада негізгі алты кезең бөлініп көрсетілген. Жаңа замандағы Қазақстан тарихына байланысты автордың төртінші, бесінші және алтыншы кезеңдері мынадай болып айқындалды: «4-кезең. Қазақстанның Ресейге қосылуы; 5-кезең. Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы және патриархтық-феодалдық қатынастардың ыдырауы; 6-кезең. Ресей империализмі дәуіріндегі Қазақстан». Қазақстан тарихын кезеңге бөлудегі бұл тұжырымдардың әрі қарай дамуы 1977-1980 жылдары басылып шыққан «ҚазССР тарихы» атты 5 томдық басылымда өз орнын тапты.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақыттарда жаңа және қазіргі заман тарихын өркениеттік тұрғыдан кезеңдеу (витаальды циклдер теориясы) дәстүрлі өркениеттік жүйенің дағдарысы мен өшуі, индустриалды өркениеттердің пайда болуы мен дамуы тұрғысында қарастырылды. Жаңа заман тарихын кезеңдеудің техногендік тұжырымдамасы ғылымда көрініс бере бастады. Жаңа тарихты мануфактуралық капитализм, өнеркәсіптік төңкеріс және фабрика, зауыттық капитализм кезеңі ретінде кезеңдейтін өркениеттік ұстанымдар пайда болды. Айта кетерлік жайт, өркениет теориясы бойынша өткен уақыттардағы тарихты бүгінгі күннің көзқарасымен емес, оқиға болған кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, зерттеу ұтымды.

Отандық тарих ғылымында әртүрлі ұстанымдарға негізделген дәуірлеу байқалады. Мәселен, В. Ғалиев кез келген халықтың тарихын кезеңдерге бөліп қарастыруда оның негізі ретінде өндіргіш күштердің даму барысы алынуға тиіс деген пікірді басшылыққа ала отырып, жаңа заманды төмендегідей төрт кезеңге бөледі: 1-кезең. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес дәуірі (XVII ғасырдың екінші ширегі – XVIII ғасырдың ортасы). 2-кезең. XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың басы (1822 жыл). 3-кезең. XIX ғасырдың 20-60-жылдары. 4-кезең. 1867-1868 жылдардан бастап 1917 жылға дейін. 3. Алдамжаров атап көрсеткеніндей, мұндай кезеңдеу жаңа замандағы қазақ тарихын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді, себебі ғалымның пікірінше, «Шын мәнінде кезеңдеу мәселесінде тарихшы-зерттеуші қоғамдағы барлық өзгерістерді, оның дамуындағы ерекшеліктерді, оның мазмұнын өзгертетін факторларды түгел ескеріп, оларды үнемі назарда ұстауға тиіс. Адамзаттың өткенін дәуірлеу кезеңдер мен дәуірлер мәні ашылатындай өзара сабақтастықта жасалуы тиіс. Сондай-ақ, олар бірін-бірі толықтырып, тарихи процестердің сабақтастығын үзбей көрсету бағытында бөлінуі керек».

Жаңа методологиялық ұстанымдарды басшылыққа алған Х. Әбжанов өзі ұсынған өлшемдер мен ұстанымдардың негізінде Отан тарихын алты дәуірге бөлген, соның төртіншісі жаңа заманға «Зар заман дәуірі (1731-1917 жылдың қазаны)» сәйкес келеді. С. Кентбеков кеңестік кезеңге дейінгі Қазақстан

тарихын IV дәуірге бөледі. Соның ішінде жаңа заманға байланысты көзқарастары мынадай: «III. Қазақстан Ресей империясы құрамында (белсенді отарлау кезеңі. 1868-1891 жылдар): отарлау тәртібінің қалыптасу кезеңі (1868–1891 жыл); отарлық тәртіптің орнығу кезеңі (1891-1905 жылдар); қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының өрлеу кезеңі (1905-1917 жылдар)». Тарихшы ғалым М.Х. Асылбеков адамзаттың өткенін ежелгі дүние, орта ғасырлар, жаңа, қазіргі заман деп айдар тағып, бөлу принципіне сүйене отырып, қазақ тарихының ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тарихты екі үлкен дәуірге – жаңа заман, қазіргі заман деп бөлуді ұсынған. Қазіргі заманға бөлеміз деп, жаңа заманға қатысты өз кезеңдерін ұсынады: 1-дәуір – Қазақстанның Ресейге қосылуы (XVIII-XIX ғасырдың 60-жылдары), яғни 1731 жылғы Әбілқайырдың Ресейге қосылуы жөніндегі антынан бастап, 1860-жылдары Оңтүстік Қазақстанның жаулап алынуына дейінгі дәуір. 2-дәуір – Қазақстанның Ресей отарына айналуы (1867 жылғы реформадан 1917 жылғы Қазан революциясына дейін). Тарихшылар пікірлерін талдай келе, жаңа замандағы қазақ тарихын үш үлкен кезеңге бөлуге болады деп санаймыз. Біріншісі, XVIII ғасырдың бірінші ширегі – XVIII ғасырдың соңы; екіншісі, XIX ғасырдың бірінші жартысы, үшіншісі – XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі. Осындай үш кезеңге бөліп қарастыру оны терең зерделеп, барлық қырларын ашуға мол мүмкіндік тудырады деп есептейміз. Бірінші кезеңде Қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдауынан бастап, казак отарлауының басталуы, бекіністер мен шептердің салынуы, ең алғашқы отарлық билік орындарының құрылуы, қазақтардың шаруашылығы мен тұрмыс-салтын, дінін, ділін жан-жақты зерттеу жүргізілді. Орыс зерттеушілері қазақ арасына арнайы келіп, қоғамның өзіндік ерекшеліктерін зерделеп, қажетті тұстарын хатқа қондырып отырған. Екінші кезеңде Қазақ хандығы жойылып, отарлық басқару аппаратының негіздері жасалды, азаттық үшін көтерілістер мен қозғалыстар өрістеді. Үшінші кезеңде отарлау саясаты тереңдеп, ол бірнеше бағыттарда жүрді. Осы орайда жаңа замандағы Қазақстан тарихын бодандық бұғауын киген және тәуелсіздік үшін күрескен қазақ елі деп атауға толық негіз бар.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Тарих ғылымындағы жалпы методологиялық зерттеу принциптері мен әдістері.
2. Ресей империясы бодандығындағы қазақ тарихын зерттеу бағыттары.
3. Жаңа замандағы Қазақстан тарихының кезеңдері мен сатылары.

## 2. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдау мәселесінің тарихнамасы

Отандық тарих ғылымының тарихнама саласында Қазақстанның Ресейге қосылуы көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы мәселесінің тарихи зерттелуі, ең алдымен, бодан болудың, содан кейін басыбайлы елге айналудың сипаты мен себептерін айқындау, қазақ мемлекеттілігінің жойылуының, отарлануының мәнін, салдарларын терең түсінуге жол ашады.

Ресей бодандығындағы Қазақстан тарихына байланысты ғылыми зерттеулер, яғни тарихнамалық деректер жеткілікті. Осыған орай мәселенің тарихнамасын 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады. 1-кезең – XVIII ғасыр – XX ғасырдың басы; 2-кезең – кеңес дәуірі; 3-кезең – тәуелсіз Қазақстан кезі. Мұндай 3 кезеңге бөлу – тарихнамалық талдауды терең әрі салыстырмалы түрде жүргізуге қолайлы.

Бірінші кезеңде И.И. Крафт, П.П. Румянцев, А.И. Левшин, П.И. Рычков, С.В. Жуковский, Л. Мейер, А.С. Алекторов, М.А. Терентьев, А.И. Макшеев тәрізді орыс зерттеушілерінің еңбектері жарық көрді. Әйтсе де бұл авторлар кәсіпқой зерттеушілер емес еді. Олар, негізінен, қазақ жүздерімен шекаралас губернияларда патша ағзамға қызмет етіп, қазақ халқының өміріне сырттан көз жіберіп, зерттеді. Олардың жариялаған очерктерін, естеліктерін, еңбектерін арнайы тарихи зерттеулер деп атау қиын. Дегенмен, ол еңбектердің Қазақстанның Ресейге қосылу мәселелерін зерттеуде өзіндік орны бар. Осындай еңбектердің арасынан деректік негізге сүйеніп жазылған А.И. Левшиннің зерттеуін ерекше атап өткен жөн.

Қазақстанның Ресей боданына айналу тарихнамасының орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі назар аударарлықтай себептерінің бірі – сыртқы саяси ахуал, билік үшін талас, руаралық күрес. Мәселен, И.И. Крафтың пікірі бойынша, ішкі саяси жағдай қазақ хандығын әлсіретті. П.И. Рычков Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауын оның бейбіт өмірге ұмтылуын, империяның көмегімен жоңғарлардан қазақ жерлерін қайтаруы түрінде түсіндірді. А.И. Левшин Әбілқайыр ханның жеке басының мүддесі бодандықты қабылдаудың басты себебі болды деп жазды. «Әбілқайыр хан өзінің дұшпандары мен тайталастарынан озып, өз билігін күшейткісі келді. Ал оның қол астындағы азып-тозған, жан-жақтан анталаған жаугершілік қауіптің қыспағында қалған халық кез келген құрбандыққа даяр еді».

Орыс тарихнамасында Әбілқайыр хан жағымсыз жағынан сипатталған. Л. Мейер, М. Красовский, С.В. Жуковский еңбектерінде Әбілқайыр хан біржақты мансапқор, жайдақ, жалған пікірлерге бой ұрған, жеке басын күйттеген, мәселенің байыбына терең бара алмайтын билеуші ретінде баса көрсетілген. Алайда мұндай пікірлермен келісу қиын. Революцияға дейінгі орыс тарихнамасында мәселенің маңызды тұстарының бірі ретінде Қазақстанның Ресейге қосылу барысына айтарлықтай мән берілген.

Орыс зерттеушілерінің аталған мәселеге байланысты пікірлерін мына төмендегідей етіп тұжырымдап көрсетуге болады:

1. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өзіне қарасты старшиндері, халқымен

бірге Ресей бодандығын қабылдауы.

2. Кіші және Орта жүздердің өз еріктерімен антты қабылдаулары.

3. Қазақ жүздерінің Ресейге өтініш жасаудағы негізгі себептері ретінде сыртқы қауіп, ішкі және сыртқы саяси тұрақсыздық, Әбілқайыр ханның жеке басының жоспарының болуы.

4. Қазақстанның Ресейге нақты бағынуын XIX ғасырдың нақты кезеңіне жатқызды.

5. Ұлы жүздің империя құрамына енуі өз еркімен және өзге жүздердің тигізген әсері, үлгісі нәтижесі ретінде көрсетілуі.

Осы тұста айта кетерлік бір жайт, А.И. Макшеев, Н.И. Белявский, К.К. Абаза тәрізді зерттеушілер патша өкіметінің жаулап алу саясатын көрсеткен.

Орыс тарихнамасын қазақ даласын өзіне бағындыруда империя қаруға сүйенуге тиіс деген пікірлер белең алды. Сонымен қатар Ресейдің көрші елдерді, соның ішінде қазақ жерлерін жаулап алуы жоғары деңгейдегі мәдениетті таратуымен қатар жүрді деген тұжырымдар да орын алған. Сонымен тұжырымдап айтатын болсақ, революцияға дейінгі орыс тарихнамасында Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы тарихы объективті тұрғыда көріне алмады. Зерттеушілердің көпшілігі мәселені патша өкіметінің мүддесінде, өз пайдалары тұрғысында пайымдады. Революцияға дейінгі кезеңде жарық көрген еңбектерде Қазақстанның Ресейге қосылуының жергілікті тұрғындар үшін прогрессивті маңызы болғандығы жайлы ой түйінделді.

Революцияға дейінгі орыс тарихнамасымен салыстырғанда қазақ даласының бодан ретінде отарлануы мәселелері ұлт зиялылары еңбектерінде айтарлықтай өзгеше түрде сипатталған. Қазақ зиялылары аталған мәселелерге үлкен мән беріп, бірқатар еңбектерін арнады. Зиялылар еңбектерін зерделей талдау нәтижелері олардың ой-пікірлерінің мына төмендегі бағыттарға тоғысқандығын дәлелдейді:

1. Жоңғар империясының жаулап алу саясатының Қазақстанның Ресейге қосылуының сыртқы факторының ең бастысы болды.

2. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың рөлі осы процесті бастауға әсерін тигізді.

3. Қазақ жүздерінің, билеушілерінің арасындағы ішкі алауыздықтың өршуі қазақ жерлерінің бодандықты қабылдауын тездетуге ықпал етті.

Мәселен, Ш. Құдайбердіұлы «Ресейге қосылуға қалмақпен шайқас ықпал етті» деп жазған. Ә. Бөкейханов өзінің «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени жетістіктері» деген еңбегінде Әбілқайыр ханның Ресей қол астына кіруін былайша көрсеткен: «1730 жылы Кіші Орда ханы Әбілқайыр бір жағынан Галдан Церен шапқыншылығынан, бір жағынан, сұлтандар арасындағы тартыста шайқалған билігін күшейту үшін орыс үкіметіне өзінің халқын бодандыққа қабылдауы өтінішін жасады». Тарихшы-ағартушы Ғ. Мұсағалиев өз ойын былай тұжырымдаған: «Әбілқайыр хан халық пайдасы үстіне өзінің құмар болған дәреже, лауазымын Русь қол астына кіріп, сақтаумен үміт етті. Сол ниет, сол үмітпен ол Русь қол астына кіруді қуаттайды». Осы мәселе тұрғысында тұжырымдап айтар болсақ, қазақ зиялылары қазақтың

Ресейге бодан болуының басты себебі билеушілер арасындағы алауыздықтың орын алуы деп көрсетеді. Екінші жағынан, қазақ зиялылары Қазақстанның Ресей құрамына енуінің прогрессивті тұстарын жоққа шығармайды. Дегенмен де, ұлт зиялылары бодан болудың өзі империя отарына айналу екендігін ашып айтқан.

Дәстүрлі қазақ дерек көзі – шежіреде даланың Ресей боданына айналуының себебі сұлтандар мен хандардың өз биліктерін сақтап, күшейтуінде екендігі айтылды. Халықтың тұрмыс-тіршілігінің нашарлауы Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы салдарынан туындаған құбылыс екендігі көрсетілген.

Қазақстанның Ресей құрамына енуі мәселесінің кеңес дәуірінде зерттелуі ХХ ғасырдың 20-жылдары мен 80-жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде қазақ даласының Ресей бодандығын қабылдауы терең әрі ғылыми тұрғыда зерттелді.

Алғашқылардың бірі болып осы мәселеге қалам тартқандар С. Асфендияров, П.Г. Галузо болды. Зерттеуші-ғалымдардың екеуі де Қазақстанның Ресей құрамына өз еркімен қосылуы сипатына қарсы шығып, Қазақстан толығымен жаулап алынды деген тұжырымдаманы қалыптастырды. Әсіресе белгілі ғалым П.Г. Галузо ХІХ-ХХ ғасырлардағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріне сыни баға беріп, олардың патша өкіметінің жаулап алу саясатын бүркемелеп, жасырын көрсеткендігін ашып айтты. П.Г. Галузо Ресей империясы саясатының Қазақстан, Орта Азия, яғни мешеу қалған, жабайы, алауыздыққа толы елдері үшін прогрессивті еместігі туралы әділ тұжырым жасады. Шын мәнінде патшалық Ресейдің Қазақстанды өзіне бодан етудегі мақсаты оны отар елге айналдыру екендігін уақыт өзі дәлелдеп берді.

1930-жылдары ғылымда Қазақстанның Ресейге қосылуының салдарлары туралы үлкен дау, пікірталас туды. Ғалымдардың көпшілігі Ресейдің Қазақстанға тигізген әсері тек қана жағымсыз деген пікір ұстанды. Осыған орай «абсолютті ыза» тұжырымдамасы қалыптасты. Алайда қалыптасып, нығайып келе жатқан тоталитарлық жүйе мұндай пікірмен келісе алмады. Кеңес үкіметінің арнайы құрылған комиссиясы мәселенің «анағұрлым аз ыза» жағын көрсетуді жөн көрді, қаулы шығарды. Осы бағытта тарихшы-ғалым М.П. Вяткин Қазақстанның Ресейге қосылуын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. М.П. Вяткин еңбектерінің ерекшелігі олардың көптеген мұрағат құжаттарының негізінде жазылуында еді. Кіші жүз ханының Ресейге өтініш жасау себептерінің бірін хан билігінің құлауы және сыртқы саяси қиындықтар деп санады. Өз пікірін автор былай дәйектеді: «...ордадағы қалыптасқан объективті жағдай Ресеймен жақындасуды қажет етті. Бұл мәселені Әбілқайыр хан старшиндермен бірге талқылады, хан старшиндердің Уфаға елшілік жіберуге, алайда бодандыққа қабылдау өтініші емес, патша үкіметімен одақ жасау үшін келісімін алды. Әбілқайырдың мұндай әрекетке баруының себебін ғалым хан билігінің ішкі тұрақсыздығымен байланыстырды. Назар аударарлық бір жайт, М.П. Вяткин өз еркімен қосылу жайлы пікір айтқан зерттеушілермен келіспеді, жаулап алу тұжырымдамасына да қосылмады. Оған дәлел автордың мынадай сөздері: «...бодандықтың алғашқы кезеңінде жаулап алу болған жоқ. Жергілікті

«ак» және «қара» сүйектегілер патша үкіметімен халықтың ниетіне қарсы одақ құрды. Дегенмен де, ғалым қалай болғанда да қазақтардың өз саяси тәуелсіздіктерін жоғалтқандығын баса көрсетті. Автордың пікірін қолдай келе, шын мәнінде қазақ жүздерінің Ресей империясы құрамына кіруі саяси одақ жасау емес отарлы тәуелді бодандықтың қамытын кию екендігі дау тудырмасы керек. Осындай шынайы, объективті көзқарас М. Әбдіхалықов пен А. Панкратованың редакциясымен жарық көрген еңбекте айқын көрінді. Бұл туынды сталинизмнің біршама әлсіреп тұрған соғыс жылдарында жарияланғанына қарамастан тарихилық, шынайылық принциптеріне негізделіп жазылды. Сондықтан да көп ұзамай ондағы көптеген тұжырымдар сынға алынды. Тіпті еңбектегі «көптеген қателер мен жаңсақ пікірлерді жөндеу» қажеттілігі айтылды. Осыған орай еңбек пайдаланудан алынып тасталып, оның орнына түзетілген, толықтырылған басылым жарыққа шығуға тиіс болды. Осындай жағдайда белгілі қазақ тарихшысы, ғалым Ермұқан Бекмахановтың монографиясы дүниеге келді. Төл туындыда Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселесіне айтарлықтай назар аударылған. Айта кетерлік бір жайт, ғалымның алғашқы еңбегі оның «Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы» атты салмақты да салиқалы туындысынан атауынан көрініп тұрғандай, біршама өзгеше болып, қосылудың салдарлары көрсетілді. Бодандықты қабылдауға байланысты автор «Ұзақ жылдар бойы патшалық Ресейге немесе ортазиялық хандықтарға бағынудың тайталасында тұрған қазақ халқы алғашқы жолды таңдады» деп өз пікірін түйіндеді. Кіші және Орта жүздердің империя құрамына енуін ғалым: «Қазақстанның патшалық Ресейге тәуелділігінің басталуы XVIII ғасырдың 30-жылдарына жатады, алайда патша өкіметі қазақ жерлерін өзіне XIX ғасырдың бірінші жартысында түбегейлі бағындыра алды» деп қана жазды. Ал Ұлы жүздің Ресей құрамына кіруін қазақтардың орыстармен жақындасуы салдары деп санады. Осы пікірін былайша дәйектеді: «Империяның құрамына кіру қазақтарды анағұрлым жоғары қоғамдық, шаруашылық және әлеуметтік құрылыммен жақындастырды». Осылайша Е. Бекмаханов монографиясы сол кезеңде қалыптасып келе жатқан қосылудың прогрессивтілігі мен салдарларының біршама жеңілдігі тұжырымдамасы аясында қарастырылды. Соған қарамастан ғалымның төлтуындысы ауыр сынға ұшырады. Сөйтіп тарих ғылымында ширек ғасыр өмір сүрген, оның орнына коммунистік идеология талаптарына сәйкес өз еркімен қосылу және оның прогрессивті салдарларын сипаттайтын теория орнықты. Осы бағытта Н.Г. Аполлова, И. Омаров, А. Панкратова, Т.Ж. Шойынбаев, В.А. Моисеева, Б.А. Төлепбаев, Н.Е. Бекмаханова, т.б. еңбектері жазылып, жарияланды. Аталған зерттеушілердің арасында таптық, партиялық принциптер негізінде жазылған Н.Г. Аполлованың монографиясы кеңестік дәуірде айтарлықтай маңызға ие болды. Еңбектің ұтымды тұсы, онда көптеген құжаттар, мұрағат материалдары талданып берілген. Әсіресе деректік маңызы айтарлықтай XVIII ғасырдың 30-жылдарындағы құжаттар, соның ішінде Тевкелев “Журналы” ғылыми айналымға енді.

А. Панкратованың М. Әбдіхалықовамен бірлесіп жазған еңбегіндегі

«олқылықтар мен қателерді түзету» мақсатында И. Омаровпен қосылып жариялаған зерттеуінде Әбілқайыр ханның әрекетін халықтың пікірін ескермей жасалған «бодандыққа қабылдау өтініші» түрінде сипаттады. Осылайша өз еркімен қосылу тұжырымдамасы ғылымда берік орныға бастады. Оған 1952 жылы жарияланған «Қазақ ССР тарихының» келесі басылымындағы «Ресей мен Қазақстан арасында күшейіп келе жатқан экономикалық және саяси байланыстар келесі басылымда халықтың Ресейге тартылуы қазақ даласының империяға өз еркімен қосылуына жағдай жасады» деген тұжырым дәлел болады. 1957, 1964, 1981 жылдарда жарық көрген “Қазақ ССР тарихы” басылымдарында осы тұрғыдағы тұжырымдар орын алды.

Қосылудың прогрессивті маңызы тек Қазақстанға ғана емес, барлық ортазиялық республикаларға тән құбылыс болғандығын зерттеушілер біржақты қолдады. Қазақстан мен Орта Азия ғалымдары «жергілікті рыноктардың жалпыресейлікке тартылуы, капиталистік қатынастардың туындауы, тауар айналымы қалыптасуы, өнеркәсіптің пайда болуы, аймақтардың томағатұйықтығының жойылуы, буржуазиялық ұлттардың құрылуы» өз еркімен қосылудың ұтымды тұстары екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеуге атсалысты. Осылайша 1951 жылы тарихшы М.В. Нечкина ұсынған өз еркімен қосылу тұжырымы ғылымда жан-жақты қолдау тапты.

«Кемелденген социализм» кезеңінде Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы тұжырымдамасы шарықтау шегіне жетті. 1982 жылы Қазақстанның Ресейге «өз еркімен қосылуының» 250 жылдығы салтанатпен аталып, республикада үлкен мереке өткізілді. Тарихшы ғалымдар В.Я. Басин, Н.Е. Бекмаханова, Х. Тұрсынов, Н.И. Мухитанов, З.Ш. Раджапов, В.А. Моисеева және тағы басқалардың жеке, ұжымдық еңбектерінде бірауыздан қазақ жүздерінің бірден-бір мықты мемлекет – патшалық Ресейдің құрамына өз еркімен кіруі қажеттілігі жайында жалғыз шешім қабылданғандығы жазылды. Мұның өзін әбден орныққан авторитарлық жүйенің қоғамның барлық саласына араласуы, өзінің діттеген жерінен шығуы деп түсінген жөн.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін тарих ғылымында да өзгерістер жасалды. Бұрын ғылымда біршама күдік тудырып келген мәселелер қайта зерттеліп, зерделене бастады. Мәселені тарихнамалық тұрғыда талдаған зерттеулер де дүниеге келді. Дегенмен, Қазақстанның Ресей империясы құрамына енуін, негізінен, тарихи оқиғалар мен процестер ауқымында зерттеу құбылысы ғылымнан көрініс тапты. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы объективті, шынайы түрде, тарихи оқиғалардың сабақтастығы тұрғысында талданды. Тарихшылар қазақ хандарының Ресей патшайымына жасаған өтінішінің себептерін, бодандықты қабылдау процесін, оның салдарларын жаңа зерттеу методологиясы негізінде таразылады. Әйтсе де тарихшылар бірыңғай ортақ пікірге келе алмады. Тарих ғылымында қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы мәселесінде бірнеше көзқарастар байқалды. Оларды мына төмендегідей етіп, талдап көрсетуге болады:

1. Кіші және Орта жүздердің Ресейге өз еркімен өтініш жасауы, Қазақстанның қалған жерлерінің әскери күштің көмегімен империяға қосылуы.



Мұндай пікірді Ж. Қасымбаев, Б.Б. Ермұханов тәрізді ғалым-тарихшылар ұстанды.

2. Қазақстанның Ресей империясына өз еркімен енуі сипатының толығымен жоққа шығарылуы, «қосылу» сөзінің сынға алынып, «жаулап алу», «басып алу», «бодандықты қабылдау» тәрізді мән беретіні, қазақ даласының империяға күштеп ендірілгендігі, отарлау саясатының жүргізілуі. Осы турасында М. Қозыбаев, М.Ж. Әбдіров, М. Мырзахметов, тағы басқа ғалымдар мен зерттеушілер ой-пікірлер танытып, жаңа көзқарастар қалыптастырды.

Осыған орай айта кетерлік бір жайт, қазақстандық тарихшылардың көпшілігі осы бағытты қолдайды. Сондықтан қазіргі кезеңде ғылымда Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруін жаулап алу, бодандықты қабылдау, отар өлкеге айналу тәрізді ұғымдармен айқындайтын тұжырым орныққан. Дегенмен, тек заманауи орыс зерттеушілерінің пікірлері бұрынғысынша. Оның себебі түсінікті, тарих әрбір елдің өзінің ұлттық мүддесінде жазылатындықтан өзін-өзі дәріптеу және өзгеден жоғары етіп көрсету иәрізді субъективті тұжырымдар белең алады.

Қазақстан мен Орта Азияның Ресей құрамына енуі сипатын айқындауға шетелдік зерттеушілер айтарлықтай қызығушылық танытқан. Шетелдік авторлар әрқашан патшалық империяға кірудің ерікті және прогрессивті сипатын жоққа шығарумен келеді. «Русское завоевание Средней Азии: трансформация и аккультурация», «Интерпретация завоевания царской Россией Средней Азии и Кавказ», «Среднеазиатская экспансия России в свете новейшей советской интерпретации истории» тағы сол сияқты еңбектерінің атауларынан-ақ көрініп тұрғандай шетелдік ғалымдардың көпшілігі Түркістанның Ресей империясына қосылуының әскери сипатын баса көрсетті.

Сонымен Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселесінің негізінен зерттелгендігіне көз жеткізуге болады. Қазақ даласының империя боданына айналуы әртүрлі кезеңдерде, саяси жүйелер жағдайында, қалыптасқан идеологиялар шеңберінде зерттеліп, бір қатар іргелі де сүбелі еңбектер, ғылыми мақалалар жазылып, жарияланды. Зерттеушілер өздерінің өмір сүрген қоғам талаптарына сәйкес ой түйіндеп, тұжырымдар жасады. Дегенмен де, мәселенің әлі де болса зерттелуге тиіс тұстарының бар екендігі тарихнамалық талдау барысында айқын болды. Осы тұрғыда айтатын болсақ, жас зерттеуші-тарихшылар Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресейге одақ болуға ұсыныс жасауының объективті себептері, ұстанған саясаты, бодандықты қабылдағаннан кейінгі билеушінің көзқарастарының өзгеруі соны деректер негізінде сараптаса әлі де болса ғылымда күмән тудыратын мәселелердің беті ашылған болар еді. Сонымен қатар XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының көршілес елдермен қарым-қатынастары, Қазақстанның одақ ел ретінде Ресейді таңдап алуының себептері де айқындалуы тиіс. Отандық тарих ғылымы үшін патшалық Ресейдің Қазақстанға қатысты саясаты әлі де өз шешімін таба алмай отырған мәселелердің біріне саналады.

Отандық тарих ғылымында Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуіне байланысты көшпелі мал шаруашылығының өзгеріске ұшырап,

халықтың тұрмыс-тіршілігінің нашарлап, тығырыққа тірелуін зерттеушілер бір жақты орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуымен байланыстырады. Алайда мәселенің өзегі қазақ даласының империяның боданына айналуында екендігі дау тудырмайды. Осыған орай Ресейдің Қазақстанға тигізген ықпалы объективті түрде қарастырылуы қажет.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Ресей империясы бодандығын қабылдау тарихы тарихнамасының кезеңдері және олардың сипаттамасы.
2. Қазақтардың бодандықты қабылдауы туралы еуроцентристік және шовинистік көзқарастар және олардың мәні.
3. XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялыларының ой-пікірлері.
4. Кеңестік кезеңдегі «Ресейге өз еркімен қосылу» және оның салдары туралы зерттеулер.
5. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде мәселенің жаңа ұстанымдар негізінде зерттелуі.

### 3. Ресей бодандығы кезеңіндегі Қазақстан тарихы деректері

Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдау тарихын деректерсіз көрсету мүмкін емес. Мәселенің деректік негізіне, ең алдымен, XVIII ғасырдан бастап Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі құжаттар, материалдар, сондай-ақ ғылыми және тарихи зерттеулер жатады. Дәлірек айтатын болсақ, олар: патша өкіметінің және оның жергілікті басқару ұйымдарының есептері, баяндаулары, баспада жарық көрген «Ресей империясы заңдарының толық жинағы», «Ресей империясы заңдарының жинағы», «Далалық облыстардағы қырғыздар туралы заңдар топтамасы», тағы сол сияқты құжаттар, мұрағат материалдары, революцияға дейінгі кезеңде жарияланған зерттеушілердің еңбектері және тағы басқалар. Оларды заттай, жазбаша, ауызша тарих айту деп үш үлкен топқа бөлуге болады. Жазба деректердің өздері бірнеше топқа жіктеледі. Олардың бірқатары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «История Казахстана в русских источниках. XVI-XX веков» деген атаумен 9 том болып жарияланды. Бұлардан өзге XVIII-XIX ғасырлардағы тарихи оқиғалар мен үдерістерге қатысты деректер кеңестік кезеңде «Материалы по истории Казахского ханства» атты жинақтаушы атпен жарық көрді. Құжаттар мен материалдардың айтарлықтай бөлігі Қазақстан және Ресейдің архивтерінде сақталған, олардың біразы ғылыми айналымға түсірілген. Деректердің бірқатары Ресей империясының XIX-XX ғасырлардың бас кезіндегі мерзімді басылым беттеріннен орын алған. Бірқатар статистикалық материалдар өз кезегінде жарияланып отырылған. Сондықтан да оларды жүйелеп көрсету қажет. Деректердің алғашқы тобына патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлауға қатысты заңдары мен заң актілері жатқызылады. XIX – XX ғасырлардың басындағы заңдардың негізгілері: Ресей империясының Заңдар жинағы (Свод законов Российской империи) мен Үкіметтің заңдар және жарлықтар жинағы (Собрание узаконений и распоряжений правительства) түрінде жарық көрді. Ресей империясының Заңдар жинағына 1917 жылға дейінгі барлық заңдар енгізілген. Жинақтарда Ресей империясының өлкені басқаруға қатысты 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғы», 1844 жылғы «Орынбор қазақтарын басқару туралы ереже», 1867-1868 жылдардағы Уақытша ережелер», 1886, 1891 жылы 25 наурызда қабылдаған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» ережені атап көрсетуге болады.

Деректердің осы тобы Ресей империясының Қазына жерлеріне қоныс аудару ережелері Қоныс аудару басқармасының қызметіне қатысты ережелерін, Қоныс аудару ісіне қатысты заңдар мен өкімдері, қазақ даласының әрбір облысында құрылған қоныс аудару басқармаларының құжаттары қамтиды. Осы тұста айта кетерлік жайт, қазақ жерлерін отарлауға қатысты заңдар мен заң актілерінің бірқатары жарияланғанымен көпшілігі Ресей Федерациясы, Өзбекстан мұрағат қорларында сақталған. Ал қоныс аудару басқармаларының тарихынан хабар беретін құжаттардың басым көпшілігі мұрағаттарда жинақталған. Отандық тарих ғылымында оларды зерттеп, ғылыми айналымға түсіру мәселесі әлі де өзекті болып табылады.

Деректердің екінші тобына қазақ даласында түрлі сипаттағы қызмет

атқарған лауазымды адамдардың, шенеуніктердің, зерттеушілердің және т.б. жазбалары, хабарламалары, еңбектері жатады. Бұл еңбектер XVIII ғасыр – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласында болған саяси, әлеуметтік-шаруашылық сипаттағы өзгерістер туралы құнды мәліметтер береді. Осы орайда «История Казахстана в русских источниках. XVI-XX веков» деген атаумен 9 том болып жарияланған бұрын-соңды мәлім болмаған деректердің отарлаудың салдарын айқындаудағы маңызы зор. Ресей бодандығындағы Қазақ елі туралы мол мәлімет беретін орыс деректерінің алғашқы томының атауы – «Посольские материалы русского государства (XV-XVII вв.)», яғни «Орыс мемлекетінің елшілік материалдары (XV-XVII ғасырлар)». Екінші том «Русские летописи и официальные материалы XVI – первой трети XVIII вв. О народах Казахстана». Орыс деректерінің дәстүрлі нарративтік жанрына тән сипаттағы XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі орыс-қазақ қатынастарына байланысты бұрын жарық көрмеген Сібір жылнамалары аталмыш жинақтан жүйелі түрде орын алған. Бұл жылнамаларда шіркеулік-христиандық және орыстық идеологияның лебізі айқын сезілгенімен, деректерден XVI-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының көршілес елдермен байланыстары туралы қайталанбас мәліметтер алуға болады.

Деректер топтамасының III томы «Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.)», яғни «Елші А.И. Тевкелевтің Қазақстан тарихы және этнографиясы бойынша журналдары мен жазбалары» деп айдарланған. Бұл жинақтың маңызы өте зор, себебі мұнда қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдауына, қазақ-орыс, қазақ-жоңғар қатынастарына, отаршылдық қамытын кие бастаған халықтың тарихы мен тұрмыс-тіршілігіне тікелей қатысты А.И. Тевкелевтің жазбалары тұңғыш рет дереккөздері ретінде жинақталып, бір жүйеге түсіріліп, хронологиялық тұрғыда берілген.

Орыс деректерінің бірқатары «Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век» деген атаумен жинақ ретінде берілген. Олар IV, V, VI томдарда көрініс тапқан. Бұл деректер мен зерттеулер патшалық Ресейдің арнайы тапсырмасымен дүниеге келген еңбектер болып саналады. Орыс деректерінің VII томы да Ресей бодандығындағы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, шаруашылығын мен тұрмыс-салтын зерттеген еңбектерін қамтыған.

Орыс деректерінің VIII томы екі бөлімнен құрастырылып, «О почетнейших и влиятельнейших ордынцах» деп аталады. 1827 жылдың 12 қарашасынан 1917 жылдың 9 тамызы аралығындағы қазақ даласының құрметті және ықпалды тұлғаларының Сібір және Орынбор ведомстволары бойынша мұрағат қорларынан алынған тізімдері және оларға берілген мінездемелер археографиялық өңдеуден өткізіліп, жинақ ретінде жарияланған. Бұл құжаттар тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін дәйектей түсетін жәдігерлер ғана емес, сонымен қатар олардың күні бүгінге дейін кейбір тұстары пікірталас тудырып немесе әлі де болса ашылмай отырған бейнесін көрсетуде, нақтылай түсуде маңызы зор. Жинақтағы құжаттар Құнанбай Өскенбайұлы, Ғұбайдолла

Уәлиханұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Мұхаммедғали Тәукеұлы, Наурызбай Қазыбайұлы тәрізді сұлтандар мен сазгер, ақындардың сырт пішіндері туралы да мол мәліметтер келтіріліген. 1842 жылы Сібір қазақтарының Шекаралық басқармасы округтік приказдарға текті сұлтандардың, билердің, старшындардың және құрметті қазақтардың тізімін жасау жайында бұйрық берген. Бұған қоса мұндай тізімнің әр жылдың басында беріліп тұруын талап еткен. Атаулы тізім алдымен сегіз, одан соң тоғыз белгі бойынша толтырылуға, дәлірек айтатын болсақ, есімі, әкесінің аты, тегі, руы, таңбасы немесе мөрі, қоныстары, отбасы, жағдайы, табиғи ақыл-ойы, қабілеті және білімі, мінезі және ерекше қасиеттері, ордадағыларға ықпалы, патша үкіметіне берілу дәрежесі, сіңірген еңбегі, марапаттары, сотқа тартылуы немесе істі болуы, әдепсіз, жағымсыз әрекеттері көрсетілуге тиіс болған. Дегенмен де, қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігінен, наным-сенімінен алыс, әртүрлі халықтардың өкілдері – құжатты құрастырушылар: округтік приказдардың заседателдері, Орынбор шекаралақ комиссиясының шенеуніктері, орынборлық шептік бақылаушылар, билеуші сұлтандар жанындағы хат жүргізушілер, тілмаштар, т.б. көрсетілген шеңберден шығып, жазбаларын өздерінің білім, мәдениет және өмірлік тәжірибелеріне деңгейлеріне сәйкес кейде субъективті, енді бірде объективті түрде толтырып отырды. Мәселен, Құнанбай Өскенбайұлы бірде ақылды, көреген, дарынды, империя заңдарын жатқа білетін тұлға ретінде көрсетілсе, бірде қатыгез, тәкаппар, әділетсіз адам түрінде сипатталған. Сол сияқты Мұса Шормановқа тізімдердің бірінде тәкаппар, айлакер, кекшіл, мансапқор адам, тағы басқа біреуінде білімді, ақылды, шыншыл, әділетті адам ретінде мінездеме берілген. Мұның өзі мынадай пайымдауларға итермелейді: біріншіден, құжат құрастырушылар патша үкіметінің мүддесінде, бұратаналарды өздерінен жоғары етіп көрсетпеу мақсатында қасақана қазақтан шыққан тұлғалардың кемшіліктерін баса көрсетуге баса назар аударған. Екіншіден, сұлтандар мен билердің халық алдындағы беделін оларды бір-біріне қарсы қою арқылы төмендету пиғылы болды. Үшіншіден, тізімдерді жасау жыл сайын қайталана бергендіктен олар кейбір уақыттарда жанартылмады. Десек те, өз кезегінде дайындалған тізімдердің дерек ретінде тарих жазуда үшін маңызы зор.

Құжаттар жинағынан формулярлық және қызмет тізімдері айтарлық орын алған. Формулярлық тізім аса маңызды құжат түрі ретінде Ресей империясында І Петр патшаның тұсында пайда болды. Тізім қызметкерлерді марапаттау және қызметін жоғарлатқан немесе демалысқа жіберген жағдайда арнайы дайындалған. Ал қазақ даласында мұндай тізімдерді құрастыру хандық билік жойылғаннан кейінгі уақыттарда, яғни ХІХ ғасырдың бірінші жартысында тәжірибеге ендіріле бастаған. Сібір ведомтвосында тізімге мұндай тізімге Шекара басқармасының кеңесшілері, аға сұлтандар, округтік приказдардың заседателдері, болыстық басқарушылар жатқызылды. Ал Орынбор өлкесінде тізімге қазақ әкімдерінің төменгі буыны, яғни жергілікті биліктегі қызметкерлер енгізілді. 1867-1868 жылдардағы Уақытша ережелерден соң формулярлық және қызмет тізімдеріне отарлық әкімшіліктерде, өзге де уездік буыннан жоғары

мекемелерде қызмет еткен дала элитасы енгізілетін болған. Тізімдер жыл сайын алфавиттік ретте дайындалғандықтан олар белгілі бір тұлға бойынша толық ақпарат бере алмайды. Сондықтан да VIII томды құрастырушылар басылымға құжаттар ақпараттарының толығырақ нұсқаларын алған.

Төңкеріске дейінгі Қазақстан аумағын басқарудың ерекшеліктері ескеріліп, жинақ екі томға және үш бөлімге бөлініп жарияланған. «Сібір ведомствосы» білімінің құжаттары бірінші томға, «Орынбор» ведомствосы» және «Дала облыстары» құжаттары екінші томға жинақталған. Бөлімдер ішіндегі құжаттар мерзімдемелік сабақтастықта орналастырылған. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты қорларынан барлығы 385 құжат жинақа енгізіліп, жарық көрді.

Орыс деректерінің IX томына «Народные предания об исторических событиях и выдающихся людях казахской степи (XIX-XX вв.)» деген атау берілген. Аталмыш томға қазақ халқының ауызша тарих айту материалдары енгізілген. Мазмұны бойынша олар әртүрлі, жариялануы жағынан басым көпшілігі XIX ғасырдың басы және XX ғасырдың бірінші ширегі аралығын қамтиды. Шежірелік, топонимикалық және жеке тұлғалық, т.с.с. тарихи аңыздар мен әңгімелер жүйелі әрі ғылыми, мерзімдемелік тұрғыда тарихи деректер түрінде берілген. Бұл деректерде Ресей бодандығындағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени өмірінен ақпарат беретін мәліметтер сақталған. Материалдардың арасында сирек кездесетін мәліметтер, кез келген зерттеушінің қолына түсе бермейтіндері де бар.

Жүйелеп айтатын болсақ, біріншіден, бұл деректер Ресей бодандығындағы қазақ тарихын зерттеуде аса маңызды болып табылады, өйткені құжаттар және зерттеулер отар аймақтың шаруашылық өмірі, әлеуметтік құрылымы, мәдени дамуы, салт-дәстүрі, наным-сенімі туралы мол әрі қайталанбас мәліметтер береді. Екіншіден, қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдау үдерісін шынайы зерттеуге септігін тигізеді. Үшіншіден, Қазақ елінің тарихи тұлғалары, қызметі мен адами қасиеттері туралы құжаттар олардың тарихи портреттерін сомдауға, қоғамдағы орны мен рөлін айқындауға, объективті түрде қарастыруға жол ашады.

Деректердің келесі тобына XIX ғасырдың екінші жартысы және XX ғасырдың бас кезінде патшалық Ресей мен Қазақстанның мерзімді басылым материалдары жатады. Ресей империясының «Европейский вестник», «Тургайские областные ведомости», «Вопросы колонизации», «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті», «Қазақ», «Айқап», т.б. газеттер мен журналдардың беттерінде жарияланған материалдар өздерінің қайталанбастығымен ерекшеленеді.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Патшалық Ресей бодандығындағы қазақ тарихының деректеріне жалпы сипаттама.

2. Империяның заңдары мен заң актілерінің отарлау саясатындағы рөлі.
3. Мерзімді басылым материалдарының отарлау саясатын зерттеудегі маңызы.
4. Қосалқы деректер қазақтардың XVIII және XX ғасырдың бас кезіндегі тарихы туралы.

#### 4. Дәстүрлі шаруашылықтағы өзгерістер

Патша өкіметінің 1867-1868 жылдардағы саяси-аумақтық реформалары қазақтың дәстүрлі шаруашылығының бүкіл болмысын өзгертіп, әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесінде елеулі өзгерістер әкелді. Бұған дейін, негізінен, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан номадтар енді отырықшы мал шаруашылығына көбірек ден қойды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласына капиталистік қатынастар енді. Дәстүрлі патриархаттық-рулық қатынастармен қатар жаңа капиталистік қатынастар қалыптасты. Осының салдарынан қазақ ауылының шаруашылық өмірінде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Енді сол қазақ ауылындағы жаңалықтарға тоқталайық.

Бұрын-соңды айқын көріне алмаған әлеуметтік дифференциация тереңдеп, таптық жіктеліс белең алды. XVII-XVIII ғасырларда мыңғырған мал өсірген байлар төскейдегі төрт түлігінің көптігімен атақтары шығып, бай-қуатты тұрмыстан шаттанса, енді олар малды көбінесе рыноктың мұқтаждығы үшін көбейтуге мәжбүр болды. Соның барысында үйір-үйір жылқыны, қора-қора қой мен түйені базардан мол табыс көзін табу мақсатында өрбіткен ауқатты, бай топтар дараланды. Мал бұрын күнкөріс, тіршілік көзі болса, аталмыш кезеңде ол шешімін табуға тиіс қажеттіліктер үшін өсірілді. 1) базарлар, жәрмеңкелер арқылы сатып, байыған үстіне баю; 2) болыстыққа сайлану үшін пара беру; 3) отаршылдық әкімшіліктің өкілдеріне, яғни жергілікті биліктің тұтқасын ұстағандарға жағынуда тарту-таралғылар беріп, өздерінің бедел, үстемдігін арттыру.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның алты облысында малдың саны кейбір ауытқулармен қоса есептегенде, кемінде 40 миллион басқа жеткен. Алайда қыстың күндері қатты қақаған аяз болып, жер бетін қалың қар мен мұздық жабуы салдарынан жұт орын алған кезде ауқаттылар бар малын жоғалтып, кедейлер қайыршылыққа ұшырап, қасіретке тап келген. Мәселен, 1880 жылы жұт кезінде Түркістан, Ақмола, Сырдария облыстарында 13 миллион малдың 6 миллионы, яғни жартысына жуығы қырылып қалған.

Қазақ жерлерінің Ресей империясының меншігі деп жариялануының, орыс шаруаларының қарқынды қоныс аударуларының, шұрайлы жерлерді тартып алудың және түрлі табиғат апаттарының салдарлары көшпелілерді шаруашылықты жүргізудің тың тәсілдерін ойлап шығаруға итермеледі. Қазақтар шағын топтар болып көшіп-қонуға бейімделді. Мал жайылымдары шектеулі таулы аудандарда екі-үш шаруашылық бірлесіп қоныстанса, далалық аудандарда 20-30 шаңырақ бір жайылымды пайдаланды. Мал жазғы жайылымға неғұрлым алыс айдап апарылса, соғұрлым ол қоңды болды. Сондай малды жәрмеңкелерде көптеп сатудан немесе айырбастаудан ауқатты байлар мол қаржы тауып отырды.

Екінші жағынан, бұл жер жағдайына байланысты еді. Мысалы, Торғай облысының әртүрлі шөпке бай жайылымы басым солтүстік уездерде қазақтардың егістік жерлері болып, жазғы қоныстары қыстаудан алыстағы 20 немесе 40, ал жайылымы жұтаң оңтүстіктегі қазақтар өздерінің ата



қоныстарынан 400 және одан да көп шақырым жерлерде орналасатын.

Жоғарыда аталған факторлар және жаңа өндірістік қатынастарға икемделу қазақтарды малдың қысқы азығы ретінде шөп шабуға, пішен дайындауға, сабан әзірлеуге мәжбүр етті. Мәселен, Ақтөбе және Орал уездерінде, сондай-ақ Есіл, Ертіс өңірлерінде қазақтар қысқы аяздар мен боранды күндері малдың азыққа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жазда шөп шауып, пішен баулап, сабан жинады. Қазақтар барған сайын жер тапшылығын сезінді. Тіршілік үшін ең қолайлы жерлерге орнығып алған қазақтар мен орыс шаруалары жерсіз қазақтарды өзінің шаруашылық жұмыстарына жалдады. Жер пайдаланудың әділетсіздігі салдарынан келімсектер мен байырғы тұрғындардың арасында келіспеушіліктер орын алды. Оның үстіне Батыс Сібір Бас басқармасының 1849 жылғы 4 наурыздағы, 1860 жылғы 23 шілдедегі ережелері мен 1867-1868 және 1886-1897 жылдардағы реформалардың талаптарына сәйкес қазақтарға орманды және тұзды көлдерге жақын қоныстануға тиым салынды. Мысалы, Алтай таулы округінің қазақтарына «егіншілікке көшіп, отырықшы қоғамдар құрған жағдайда» бұрынғы келімсек шаруалармен тең мөлшерде әрқайсысына 6 сомнан оброк салығы салынды.

Көші-қон кеңістіктері тарылып, шұрайлы мал жайылымдары қысқарған қазақтар күн көрістің балама жолы – жаппай егіншілікке көше бастады. Отырықшылыққа көшу көшпелілерді азық-түлік өнімдерімен, мал шаруашылығын пішен қорымен қамтамасыз етіп қана қоймай, артық астығын базарлар мен жәрмеңкелерде сатуға жол ашты. Солай бола тұрғанымен патшалық билік қазақтардың отырықшылыққа ауысуына қолдау көрсете қоймады. Жергілікті халықтың бірнеше бағытта шаруашылық жүргізу ынтасына кедергі жасап бақты. Осы орайда олардың отырықшы өмір салтына өтіп, қала салып, мәдениетін дамытып, ғылым-білімге жақын болады деп қауіптенді. Соған қарамастан көшпелілер отырықшылыққа жылдам ауысып отырды. 1897 жылғы Бірінші бүкілресейлік халық санағының қорытындылары отырықшы жергілікті тұрғындардың үлес салмағының айтарлықтай өскенін көрсетті. 1897-1901 жылдар аралығында Петропавл, Омбы, Ақмола, Көкшетау, Атбасар, Қарқаралы, Семей, Өскемен, Зайсан, Қостанай, Ақтөбе уездерінде қазақтарда егіншілікпен айналысатын қожалықтарының саны – 152-ден 154-ке жеткен. Алайда қазақтардың иелігіндегі жерлердің барлығы дерлік егіншілікке жарамды бола бермеді, олардың арасында егістік алқаптары үшін мүлде жарамсыз учаскелер де кездесті. Дегенмен, жалпы жер көлемінің 30 пайызы мүлде қолайсыз деп саналғанның өзінде жерге тапшы Өскемен уезінде орта есеппен алғанда қазақтарда бір шаңыраққа 150 десятинадан жер келді. Мұндай көрсеткіш жеке шаруашылықты қалыптастыру үшін жеткілікті еді. Десек те, егіншілікке қатысты қазақ және орыс шаруашылықтарының көрсеткіштерін салыстырсақ, жер қоры ауқымды байырғы тұрғындардың жинаған астығының мөлшері келімсектерге қарағанда анағұрлым аз болған. Мәселен, Торғай облысында бір отбасында орта есеппен орыстарда 30, 3, ал қазақтарда 5, 3 пұт дәнді дақыл егілген.

Егіншілік қазақ даласының барлық аймақтарында бірдей дамымады. Бір

облыс аумағындағы уездердегі егіс егу әртүрлі болды. Мәселен, Жетісу облысының Жаркент уезінде егіншілік қарқынды дамыса, Верный, Қапал, Лепсі уездерінде бұл үрдіс баяу жүрді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдағы айтулы өзгерістердің ұтымды тұстарын қазақ халқы үшін пайдалы екендігін білгендер оған көптің көзін жеткізуге тырысты. Жаңа әлеуметтік экономикалық оқиғаларды жақсылыққа балағандардың бірегейі Абай болды. Еңбекші бұқараның өмірін жақсарту жолдарын Абай, алдымен, қоғамның экономикалық негізін өзгерту деп білді. Қазақтардың прогресшіл дамуын Абай егіншілікті, қолөнерді және сауданы дамытумен тығыз байланыстырды. Данышпан ойшыл экономикалық дамудың осы үш саласына баса назар аударды. Қазақстандағы жергілікті халықтың көпшілігі мал шаруашылығымен айналысқанымен, Абай бұдан былайғы экономикалық даму көзі – егіншілікті кеңейтіп, жақсарту деп түсінді. Егіншілік кәсібі қазақ шаруасының тұрмысын түзеп, жұмсалған еңбектің еселеніп, қайтуына мүмкіндік туғыза алатын еді. Егіншіліктің артықшылығын көре білген Абай: «Егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп, ойлап, мал ізде», – деп жырлап, бұқараға насихаттады.

Сонымен XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезінде капиталистік қатынастардың қазақ ауылына енуі оның шаруашылық сипатын әжептәуір өзгертті. Қарашекпенділердің қазақ даласына қоныс аударуы, шұрайлы жерлердің байырғы тұрғындардан тартып алынуы, капиталистік қатынастардың етек жаюы дәстүрлі шаруашылықтың іргесін сөгіп, тығырыққа тіреді. Дәстүрлі шаруашылықта көп укладты экономика мен соған сәйкес қатынастар пайда болды, жаңа әлеуметтік топтар қалыптасты. Көшпелі мал шаруашылығының бірыңғай «таза» көшпелі мал шаруашылығынан өзге жартылай көшпелі мал шаруашылығы, отырықшы егін шаруашылығы, егіншілікті мал шаруашылығы тәрізді қосарлы түрлері дамыды.

Экономикадағы осындай факторлар төмендегідей өзгерістерге алып келді. Қазақ даласын отарлау саясатының аясында ресейлік капиталистік қатынастарға тартылуы қоғамда өркениеттік даму үрдісінің элементтерін тудырды. Томаға-тұйық экстенсивті мал шаруашылығы күйреп, рыноктық экономика қалыптаса бастады. Ауыл тұрғындары өндірген өнімдерін жәрмеңкелерде, қала базарларында сату және сатып алу мүмкіндіктерін иеленді. Қазақ қоғамында «қара сүйектен» шыққан бай, ауқатты адамдардың жана таптары, кәсіпкерлер, алыпсатарлар пайда болды. Олардың қатары уақыт өткен сайын көбее түсті. Кез келген қоғамда нарықтық қатынастар экономиканың, өнеркәсіптің дамуына, бәсекелестікке, табыс көздерінің молаюына жол ашады. Қалалардың қатары көбейіп, олар жекелеген елдердің қоғамдық саяси, шаруашылық, мәдени өмірінде басты рөл атқарды. Қазақстанда да дәл осындай прогрессивті үрдістер жүрді. Шаруашылық өмірдегі жіктеліс малы аз кедейлерді күйзеліске ұшыратты, олар күн көріс қамымен ауылдардан қалаларға, темір жол бойына, казак станицаларына қоныс аудара бастады. Сол жерлерде жалданып еңбек етіп, жалдамалы жұмысшылар табына айналды. Қалаларда халықтың санын көбейтіп, кәсіпорындарда жұмыс

күшін толықтырды. Осылайша қазақ халқы дамудың жаңа бағытына бет бұрды. Осындай түбегейлі бетбұрыста басты идея отарлау саясатына қарсы азаттық күрес екендігін халық бір сәт те естен шығармады.

**Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Қазақ ауылындағы шаруашылық өзгерістердің себептері.
2. Малды сату және айырбастау
3. Байырғы халықтың мал жайылымдарының тарылуы және егіншілікке өту себептері.

## 5. Өнеркәсіп пен сауда және жаңа бастамалар

Ауыл өмірінің барлық салаларына капитализмнің енуі көшпелілерді табиғи-географиялық жағдайларды ескере отырып, шөп шабу, балық аулау, бақша егу тәрізді кәсіпшілікке итермеледі. Шөпті мөлшерден тыс мол шапқан қазақтар одан пайда тауып отырды. Мәселен, Батыс және Солтүстік Қазақстан аумағын мекендеген байырғы халық өкілдері шапқан шөптерін Орынбор, Петропавл табыншыларына сатып, қосымша қаражат түсірген. Өлкенің байырғы тұрғындары, әсіресе, Орынбор, Петропавл, Перовск қазақтары орамжапырақ, картоп, өсірді. Мысалы, Перовскіде жергілікті халық орамжапырақ өсіріп, оны орыс тұрғындарына сатып, пайда тапты. Семей облысының оңтүстік уездеріндегі қазақтар топырағы құнарлы жерлерде бақша егумен айналысты. Олар қоныстанушылардың ықпалымен қарбыз және қауын өсіре бастады. Өскемен уезінде – 5469, Семейде – 3054, Павлодарда – 2030, Зайсанда – 180, облыс бойынша – 10733 дана қауын-қарбыз өсірілді.

Кәсіпшіліктің жергілікті түрлерінің арасында аң аулау дамыды. Мұны жәрмеңкелерде сатылған аң терілерінің санының өсуі айғақтайды. Мәселен, 1897 жылы Константиновск жәрмеңкесінде 3700 қасқыр, 2500 түлкі, 7000 қарсақ, 11000 борсық, 1100 сусар, барлығы – 59325 сомды құрайтын аң терілері сатылған. Жәрмеңкелердегі киіз, шекпен, қыл арқандарға деген сұраныстың артуы үй кәсіпшіліктерінің дамуын ынталандырды. Үй кәсіпшіліктерінде дайындалған мұндай тауарлардан түрлі бұйымдар, мәселен, бас киімдер жасалды. XIX ғасырдың соңына қарай тоқыма фабрикаларының Ресейдің орталық губерниялары мен Сібірде пайда болып, дамуына байланысты қой жүнін қазақтардан көпестер көптеп сатып ала бастады. Жүнді фабрикаларға жібермес бұрын оны жуу жұмыстары ұйымдастырылды. Осыған орай жүн жуатын кәсіпшіліктер ашылды.

Осылайша қазақ өлкесінің бірте-бірте капиталистік қатынастар өрісіне тартылуы жаңа кәсіпшіліктердің дүниеге келуіне игі әсер етіп, өнеркәсіптің пайда болуына жол ашты. Көлемі, құрылысының қарапайымдылығы, жұмысшылары сан жағынан басым шағын кәсіпорындар XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында өнеркәсіптің ең алғашқы бастаулары ретінде қалыптасты. Ақмола және Семей облыстарында мал шаруашылығы өнімдерін, яғни шикізат өңдеудің алғашқы ошақтары пайда болды. Мысалы, тарихи деректердің мәліметтерінше, 1888 жылы Семей облысында 13 былғары, 9 сабын қайнататын, 1 шарап ашытатын, 1 май шайқайтын, 23 кірпіш, 2 сыра ашытатын және т. б. кәсіпшіліктер болып, онда 262 жұмысшы еңбек еткен. Шығарылған өнімдерінің жалпы көлемі 230147 сомды құраған. Мал шаруашылығы шикізатын өңдеу кәсіпорындары, негізінен, уезд орталықтарында шоғырланып, қажет өнімді және жұмысшы күшін айналасындағы ауылдардан алып отырды.

Қазақстанның солтүстік және шығыс аудандарына қарағанда шағын кәсіпшілік өлкенің оңтүстігінде біршама баяу дамып, 1880-жылдардың соңына қарай қарқын ала бастады. Бұл өңірде кәсіпшіліктер мақта, темекі өсіруге, жібек өндіруге, балық аулауға маманданды. Олардың шығарған өнімі 1720 мың

сомға жеткен.

Өлкедегі өңдеуші кәсіпшіліктер былғары өңдеу, май қорыту мен шайқау, сабын қайнату, ұн тарту, темекі, шарап дайындау тәрізді «салаларға» бөлініп, жекелеген аймақтардың экономикалық дамуына елеулі үлес қосты. Өлкеде кең таралған кәсіпшіліктің бірі – балық аулау болды. Арал теңізінің балығын аулауға негізделген кәсіпшілік Көкарал түбегінде шоғырланды.

Кәсіпшіліктермен қатар дархан далада ең алғашқы өнеркәсіп орындары пайда болды. Олардың пайда болуына мынадай факторлар әсер етті. Қазақстанның патшалық Ресейдегі капиталистік қатынастар торабына тартылуы, өлкемен шекаралас Батыс Сібірдің индустриалдық қуатының ықпалы, ұлан байтақ аумақтың жер қойнауындағы табиғи қазба байлықтарының молдығы. Орталық және Шығыс Қазақстанның орасан зор табиғи ресурстары, мыстың, көмірдің, алтынның, қорғасынның, мырыштың бай қорлары осы аймақтарда зауыт салуға қол жеткізді. Тұңғыш рет ашылған зауыттардың техникалық жабдықталуы қарапайым, шикізат өндіру мүмкіндіктері шектеулі болды. Олар көбінесе жазғы айларда жұмыс істеп, өзге жыл мезгілдерінде қарап тұрды. Жұмыс күші жергілікті халық есебінен қамтамасыз етілді, алайда оларға төленетін еңбекақы орыс жұмысшыларына қарағанда анағұрлым төмен еді. Өндірілген өнімнің көлемі де мардымсыз мөлшерде болды. Мәселен, 1888 жылы белгілі кәсіпкер С.А. Попов салған зауытта небәрі 904 пұт күміс қорғасын кені өңделіп, 24 фунт таза күміс алынды.

Кен өндіру саласында XIX ғасырдың соңында өз заманына сәйкес техникалық құрал-жабдықтармен жарақтандырылғандары да кездесті. Мұндай өнеркәсіп орындарының қатарына Қарқаралыдағы Николаев мыс балқыту, Семейдегі Қанды алқабындағы Александровск қорғасын-күміс зауыттары, Ақмоланың Жалғызқарағай алқабындағы Демьянов қорғасын-күміс-мыс, Спасск, Успен, Қарағанды, Саран көмір, Зырянов түсті метал кеніштері жатқызылды.

Өлкеде тау-кен және байыту өнеркісібі баяу дамыды. Ең алғашқы кәсіпорындар түсті металл, көмір, мұнай өндіруші сипатына ие болды. Сондай өнеркәсіп орындары ретінде Қарағанды көмір, Екібастұз, Байқоңыр, Жезқазған, Успен, Риддер кеніштері, Спасск зауыты, Ембі мұнай кәсіпшілігі саналды. Осы кәсіпорындар Ресей капиталының әлсіздігінен XX ғасырдың бас кезінде ағылшын-француз акционерлік қоғамдарының қолдарына көшті. 1904 жылы өлкедегі мыс балқыту өнеркәсібінің негізінде кеніштер мен кен орындарын пайдалану мақсатында «Спасск кеніштерінің акционерлік қоғамы» құрылды. Қоғам Спасск мыс балқыту зауытын, Саран және Қарағанды тас көмір кен орындарын, екі темір кенішін сатып алды. Қоғамның басқармасына төрт ағылшын және төрт француз кірді. Оның төрағасы ағылшынның ірі капиталисі, парламент мүшесі Артур Фель, ал вице президенті Э. Карно болды.

1906 жылы Жезқазған мыс кен орындарын пайдалану үшін Лондонда «Атбасар мыс кен орындарының акционерлік қоғамы» құрылды. 1911 жылы осы қоғамның акцияларының 40%-ызын Спасск мыс кеніштерінің акционерлік қоғамы иеленді. Ақырында Жезқазған кеніші Спасск компаниясының меншігіне

көшті.

1914 жылы Риддер мен Екібастұз Ресейдің кеніштері мен зауыттарын қол астына қаратқан «Орыс Азия корпорациясының» концессиясына көшті. 1914 жылы концессия өзінің «Ертіс корпорациясы» атты еншілес қоғамы арқылы Қазақстанда Кенді Алтай мен Екібастұз кеніштерін пайдалану мақсатымен Риддер және Қырғыз-Қазақ кен өнеркәсібі акционерлік қоғамдарын құрды.

1914 жылы Қазақстанның Шығысында мырыш және 1916 жылы қорғасын зауыты салына бастады. XX ғасырдың басында Кенді Алтайда алтын өндіру 50%-ға қысқарды. Қоңыр көмір өндіру қолға алынды. Көрсетілген кезеңде көмір өндіру төрт еседен астам өсті.

Тұз өндіру дами түсті. Тұз кәсіпшіліктері артелдерге, кәсіпорындарға немесе олардың қоғамдарына жалға берілді. Коряков кәсіпшіліктері 1908 жылы Павлодар көпесі Осипов басқарған тұз өнеркәсібі серіктестігіне 25 жыл мерзімге жалға берілді. 1909 жылы Коряков кәсіпшіліктерінде 3979 мың пұт тұз өндірілді, ал оларда 10092 жұмысшы істеді. Бұл жерден тұз Ертіс арқылы Павлодарға, одан әрі Батыс және Шығыс Сібірге Обь өзенінің бойындағы балық кәсіпшіліктеріне тасылды. 1909 жылы Басқұншақ кәсіпшіліктері 20 миллион пұттан астам тұз берді. Олар, негізінен, Астраханның балық кәсіпшіліктеріне, Саратовқа, Самарға, Сызранға, Нижний Новгородқа және басқа қалаларға апарылды.

Атырау-Жем бойы мұнай ауданы да ағылшын капиталының қолында болып шықты. Ол мұнда өздерінің дербес акционерлік қоғамдарын құру жолымен де үлес қосып қатысып, орыс компаниялары арқылы енген болатын. 1911 жылғы 2 сәуірде Доссор кәсіпшілігінде қуатты мұнай бұрғылары атқылады, мұның өзі Жемде ірі көлемде мұнай өндіруді бастап берді. Батыс Қазақстанның мұнай кен орындарын пайдалану үшін Батыс Урал мұнай қоғамы, Орталық Урал Каспий қоғамы, Солтүстік Каспий компаниясы тәрізді ағылшын қоғамдары құрылды. Мұнай кен орындарын өңдеуде негізгі капиталы 36 миллион сом болатын 8 акционерлік қоғам жұмыс істеді.

Патша өкіметінің жеңілдіктері, арзан жұмыс күші, бәсекелестіктің жоқтығы мұнай өндіруде шетел капиталистеріне өте тиімді жағдай жасады. Соның арқасында өлке байлығы емін-еркін өндірілді.

Осылайша қазақтың тау-кен өнеркәсібі орыс және шетел капиталының көмегімен пайда болды. Сондықтан да өндірілген өнім өлкеден тыс жерлерге, тіпті XX ғасыр басында шетелге тасып әкетілді. Табиғи байлықтың пайдасы мен мол қаражат көздері шетел және орыс капиталының қоржынын толтырды. Өз жер қойнауының байлығынан жұрдай болған халық отарлық езгінің ауқымында өзгелерге тәуелді бола түсті. Ал оның әлеуметтік шаруашылық жағдайы төмен болды.

Ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін кәсіпшіліктер тау-кен өнеркәсібіне қарағанда өлкенің экономикалық дамуына тиімді ықпал етті. Мұндай кәсіпшіліктердің өздері жүн жуатын, мал майын қорытатын, ішек-қарын тазартатын Ресейдің еуропалық бөлгіне және шетелге шығарылатын шикізатты өңдейтіндер түрінде дараланды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімін

жергілікті жерде тұтыну үшін өнім дайындайтын былғары, май шайқайтын, спирт-арақ зауыттары, темекі фабрикалары, т. б. кәсіпшіліктер ретінде бөлініп шықты.

Өлке олбыстарындағы жүн жуатын шағын кәсіпшіліктер Ресейдің еуропалық бөлігіндегі мәуіті фабрикаларын таза қой жүнімен қамтамасыз етті. Бұл фабрикалардың иелері осы кәсіпшіліктерді өз қолдарында ұстап отырды. Жүнге сұраныс бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында артты. «Шахворостовтың сауда үйі» серіктестігіне қарасты 1910 жылы салынған Қарғалы шұға фабрикасында қой және түйе жүнінен солдаттарға арналған шинель шұғасы өндірілді.

Ет кәсіпорындарының өндірісі бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында едәуір кеңейіп, әсіресе консерві зауыттарының өнімдеріне сұраныс көбейді. Былғары дайындайтын, шарап және сыра ашытатын кәсіпшіліктермен қатар құрылысқа қажетті материалдар, яғни кірпіш, цемент шығаратын кәсіпорындар өлкедегі соны кәсіпшіліктер ретінде саналды. Ұн тартатын диірмендер көбейді. Бір ғана Семейде 1911 жылы 22 диірмен жұмыс істеді. Мұнда 1908 жылы «Семей ұн тартатын бу диірмендерінің акционерлік қоғамы» құрылды. Ұн мен майдың негізгі бөлігі жергілікті жерлерде өз тұтынушыларын тапса, қалған бөлігі Ресейге және шетелдерге жіберілді.

Өңдеу өнеркәсібі көбінесе ұсақ, шағын кәсіпорындары түрінде дамыды. Солардың арасындағы ең ірілері болып Верный қаласына жақын орналасқан Қарғалы шұға фабрикасы, Көкшетау уезіндегі етті консервілеу, Петропавлдегі консерві, Шымкенттегі сантонин зауыттары, Оралдағы, Семейдегі бу диірмені және жай диірмендер табылады. Өлкенің өңдеуші өнеркәсібінде жұмыс істейтін жұмысшылардың жалпы саны 20 мың адам болған. Тұз өндіру Басқұншақ, Елтоң, Ойыл, Кирянов және т.б. кәсіпшіліктерде жүзеге асырылды. Олардағы жұмысшылар саны 1916-1917 жылдары 5 мың адамды құраған. Балық аулау және өңдеу кәсіпшіліктері Каспий, Арал, теңіздері, Орал, Сырдария, Іле, Шу, Бұқтырма өзендері, Зайсан және Балқаш көлдері жағалауларында пайда болды. Бұл кәсіпорындарда 15 мыңға жуық жұмысшы жұмыс істеді. 1913 жылы Қазақстан бойынша ауланған балық 34,5 мың пұтқа жетті. Бұл Ресейде ауланған барлық балықтың 11 пайызы еді.

Зауыттар мен фабрикалардың өлкеде өндірілген мал өнімдерінің молаюы патшалық Ресейдің Қазақстанды арзан тауарларын өткізудің рыноктық аймағына айналдыруға, тұрғындар сұранысының артуына орай отар аймақты метрополиямен байланыстыратын темір жолдарды салу көзделді. Өлкенің табиғи ресурстарын игеру, отарлау саясатын терең жүргізуге Транссібір магистралінің септігі тиді.

Қазақстанның оңтүстігін Ресеймен жалғастырған Орынбор-Ташкен темір жол құрылысы 1897 жылы аяқталып, өлкенің экономикалық жағдайына игі ықпал етті. Ең алдымен тасылатын тауарлар көлемі ұлғайды. Мәселен, XX ғасырдың басында Петропавл, Омбы, Есілкөл станицаларынан 37215 бас мал Петербургке және 144 бас мал Мәскеуге жіберілді.

Өлкеде салынған темір жол желісі Қазақстанды Ресейдің орталық

аудандарының капиталистік өнеркәсібінің шикізаттық шылауына, өнім өткізу рыногына айналдырудың негізгі құралы болды. Өлкені тонауға, отарлық езгіні күшейтуге септесті. Мұны өлкедегі темір жолдардың жүк айналымының мәліметтері айқын сипаттайды, ол 1913 жылы 1114 мың тонна, олардың әкетілгені – 602 мың, әкелінгені – 512 мың тонна болған. Темір жолдар арқылы Қазақстаннан Ресейдің ішкі аудандарына көп мөлшерде ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізат Рязань – Урал жолының Покровск – Урал учаскесі арқылы және Сібір жолының Омбы – Петропавл учаскесі арқылы астық, ет, тоң май, тері, жүн, мал; Орынбор – Ташкент жолымен оларға қоса Орта Азия мақтасының басым бөлігі, сондай-ақ кептірілген және жас жемістер, т.б. тасып әкетілген. Ресейдің өнеркәсіпті аудандарынан Қазақстанға егіншілік машиналары мен құралдары, ағаш, құрылыс материалдары, темір, болат, шойын, көмір, мұнай, фабрика бұйымдары, шай, қант, және басқа тауарлар әкелінді.

Қазақстанда темір жолдардың салынуы оның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі елеулі өзгерістерге әкеп соқты. Темір жол желілеріне іргелес жатқан аудандарда дәнді дақылдар мен мақта өсіру, шөп шабу, балық және тұз кәсіпшіліктері дамыды. Қазақ ауылына тауар-ақша қатынастарының енуі және томаға-тұйық натуралды шаруашылықтың ыдырауы күшейді. Бір жағынан, шетке кәсіп іздеп кету, екінші жағынан, жалдамалы еңбекті қолдану дамыды. Жолдардың салынуы орыс шаруаларының қоныстануын тездетті. Темір жол торабында орналасқан қалалар халқының саны көбейді, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды бола түсті. Темір жолдар Ресейдің орталығын бұратана шет аймақпен берік байланыстырып, сол арқылы бүкіл империя бойынша біртұтас экономикалық кеңістік жасады. Өлкеде темір жол тармағының салынуы, өнеркәсіп орындарының ашылуы жұмысшы мамандардың қалыптасуын тездетті. Жұмысшылардың саны зауыт, фабрикалардың өндіріс көлеміне, техникамен жабдықталуына, қазақ ауылындағы таптық жіктелістің тереңдеуіне, т.б. үрдістерге байланысты өзгеріп отырды.

Темір жолда көрсетілген уақытта 30 мыңға жуық адам еңбек етті. Олардың үлес салмағы 20%-дан аспады. Егер XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында жұмысшы мамандардың қалыптасу үрдісінің қарқыны күшейіп, жалпы жұмысшылар саны 90 мың адамға жетсе, солардың небәрі 1,4%-ызын байырғы тұрғындардың өкілдері құрады. Тау-кен өнеркәсібінде және мұнай өндіру ісінде қазақ жұмысшылары басымдылық танытса, өңдеуші кәсіпорындарда олардың үлес салмағы айтарлықтай төмен болды.

Өлкеде кәсіпкерлер қызметінің үстінен қарайтын бақылаудың және фабрикалық инспекцияның болмауы салдарынан Ресей империясының индустриалды дамыған аймақтарымен салыстырғанда жұмысшылардың жағдайы нашар күйде қалды. Әсіресе қазақ жұмысшыларының жағдайы өте ауыр болды. Ашық дискриминация мен ұлыдержавалық шовинизм жалақы мен еңбек, тұрмыс жағдайларында, әлеуметтік сақтандыруда, медициналық көмек көрсетуде айқын көрінді. Ауыр еңбек жағдайлары, төменгі еңбек ақы, көптеген



айып пұлдар, алдау, еңбек хақысын жеу, өнеркәсіп орны басшыларының шектен шығуы, т. б. жергілікті жұмысшыларды өздерінің экономикалық және саяси жағдайын жақсарту үшін күреске итермеледі. Оның үстіне қазақ жұмысшылары өздерінің табиғи байлықтарының талан-таражға түскенін әрдайым көздерімен көріп отырды. Сондықтан да қалай да озбыр отарлау саясатына қарсы бірлесіп күресу қажеттілігін түсінді. Бұл XIX ғасырдың соңы – XX ғасыр басында бүкіл халықтық тәуелсіздік жолындағы күреске ұласты. Мұның өзін өз заманындағы ең басты құндылық ұлттық идеяның бір көрінісі деп санауға болады. Мұндай күрес өнеркәсіпте те, ауылда да жаппай көрініс тапты. Өнеркәсіптегі жұмысшылардың ең үлкен ереуілі бірінші орыс төңкерісі кезінде, яғни 1905-1907 жылдар аралығында Успен кенішінде болды. Оған 300-ден астам жұмысшы қатысты, олардың 265-і қазақтар еді. Қазақ халқының патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы күресі ереуілдер, бас көтерулері, көтерілістері жеңіліс тауып жатса да, тәуелсіздік жолындағы жанкештік идея ешқашан өз мәнін жоғалтпады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында айырбас және ақша арқылы жүргізілген сауда қанат жая түсті. Қазақ даласының шикізат өнімдерін, Орта Азия өнеркісібі бұйымдарының бір бөлігі орыс өндірісінің өнімдеріне айырбастау айырбас сауданың басты объектісіне айналды. Айырбас сауданың дәстүрлі орталықтары болған Орынбор, Троицк, Петропавл, Верный, Семей базарларының айналымы 1850 жылдары бірнеше миллион сомды құрады. XIX ғасырдың 50-60-жылдары айырбас сауданың Ақмола, Павлодар, Қарқаралы, Баянауыл, Қазалы, Жаркент тәрізді жаңа орталықтары пайда болды. Сауда аталған қалалардың өзінде емес қала маңында, яғни олардан 1-2 шақырым жерлерде жүргізілді. Көшпелілір малдарын өздерінің сұраныстары талап еткен мәуіті, барқыт, сиса, жүн бұйымдары, темір, мыс ыдыстары, кант, шай, ұн және т.б. тауарларға айырбастады. Айырбас сауда жылдың барлық мезгілдерінде ұйымдастырыла берді. Тіпті қысты күндерінде сауда-саттықты жалғастыру үшін даладан арнайы келетіндер болған. Мәселен, қарашаның ортасында Ертіс өзенінде мұз қатқан кезде қазақтар даладан түйемен келіп, ұнды өзінің өнімдеріне айырбастап алатын. Сауда мәмілелерінің қалған бөлігі қалалық Николаев жәрмеңкесінде жалғастырылатын болған. Бұл жәрмеңкенің тауар-ақша айналымы XIX ғасырдың 60-жылдарында 250 мың сомға жеткен. Көріп отырғанымыздай, Орталық Қазақстанның алғашқы экономикалық орталықтарында жәрмеңкелерде сауда көлемі үлкен болмады, дегенмен, олардың арасында бәсекелестік орын алды. Аталмыш кезеңде ішкі сауда айтарлықтай дамыды. Мысалы, Қазалы қаласы осы кезде «Орыс Түркістаны» деп аталып, үлкен сауда экономикалық орталыққа айналды. Қазалы арқылы Ресейге 3561300 сомның тауарлары әкетілді. Жаркент қаласындағы сауда кең қанат жайып, орасан зор табыстарға кенелді. Қала базарында қазақтар 4165 бас жылқы, 34264 бас қой мен ешкі сатып, жалпы көлемі 186152 сомға жететін пайда түсірді. Ішкі сауда Торғай, Ырғыз қалаларында да қарқынды дамыды.

Қазақтар қала рынокторында астық, мал сатумен айналысып, оның көлемі жыл сайын үнемі өсіп отырды. Мәселен, бір ғана Сырдария облысы бойынша

1886 жылы 206, 8, 1893 жылы – 615, 6, 1895 жылы – 1645, 0 бас мал сатылған.

Байырғы халықтың ауқатты бай өкілдері төрт түлік малды көптеп өргізіп, оның бір бөлігін жыл сайын ішкі саудаға түсіруді дәстүрге айналдыра бастады. Сатқан немесе айырбастаған, малдан мол қаражат түсірген байлардың әлеуметтік-тұрмыс жағдайлары жақсарып, кейбіреулері ірі кәсіпкерлерге айналды. Кәсіпкерлердің арасынан байлығымен далаға танымал болғандары да кездесті. Кәсіпкерлік ауқатты шаруаларды ірі мал иесі әрі мол қаражат көздері бар іскер адамдар болуға қызықтырды. Мұның өзі қазақ қоғамы үшін өркениетті құбылыстардың бірінен саналды. Алайда малды көптеп өсіруге жайылымдардың, көші-қон бағыттарының тарылуы, табиғат жағдайлары, қайталанып тұратын жұт тәрізді табиғи апаттар кері әсерін тигізді. Дегенмен, тауар-ақша қатынастарының томаға-тұйық мал шаруашылығынан артықшылығы уақыт өткен сайын байқалды. Сондықтан да халық және оның іскер топтары бұрынғыдай бірқалыпты көшпелі өмір салтына қарағанда нарықтық қатынастарға тартылудың тиімді екендігіне көз жеткізді.

Ішкі сауда көбінесе ақшалай түрде жүріп, біріншіден, саудагерлерден алынған қаражат қазынаны едәуір байытса, екіншіден, сауда-саттық шалғай далалық аудандарды қамти түсті. Ішкі сауданың дамуына жолдардың жайсыздығы кедергі келтірді. Соған қарамастан саудагерлер тауарларын бұрынғысынша арбамен және түйемен тасыды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда ішкі саудамен қатар көрші және басқа да шетелдермен сыртқы сауда өзінің шарықтау шегіне жетті. Сыртқы сауданың кеңейтілуі отарлы өлкеге мол мүмкіндіктер әкелді. Алдымен ол қазақ даласының транзиттік рөлін күшейтсе, одан кейінгі кезекте саудагерлердің ынтасын арттырды. Қазақстан Қытай, Ресей, Моңғолиямен сауда-саттық арқылы елдер арасында достық, іскерлік байланыстарын орнатты. Көрші мемлекеттермен сауда қатынастары отар аймақтың экономикасына игі ықпал етті. Әсіресе Қытаймен арадағы сауда-саттық дәстүрлі керуен жолдарын жандандырып қана қоймай, тауар айналымын кеңейтті. 1895 жылы қытай тауарлары едәуір көп мөлшерде әкелінді. Мәселен, 560206 сомды құрайтын қытай тауарлары әкелінсе, 607554 сомның тауарлары Қытайға апарылған. Жаркент кеден учаскесі бастығының мәліметтері 1893 жылдың 15 мамыры мен 15 маусымы аралығында Қарқара жәрмеңкесі арқылы Батыс Қытайға 171 саудагер барып, 435433 сомның тауарларын сатқандығын дәйектейді. Қазақстанға көбінесе Қытайдан шай тасылды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан экономикасының дамуына елеулі ықпал еткен және оның айқындаушы факторларының бірі жәрмеңкелер болды. Жәрмеңкелік сауда тұрақты түрде жүрді әрі үнемі өркендеуші сипат алды. Оның бірізді дамуына мынадай жағдайлар кері әсерін тигізді. Бірінші, жәрмеңкелерді сауда жасаушылармен байланыстыратын қатынас жолдарының нашар күйде болуына және жеткілікті дамымауына қарамастан үнемі болып тұрды. Екіншіден, жәрмеңке саудасының талаптары жергілікті тұрғындарға таныс еді. Үшіншіден, дәстүрлі шаруашылықпен айналысатын халық үшін жәрмеңкелер тиімді сауданың түріне айналды. Төртіншіден, көшпелі

тұрғындардың күнделікті тұрмысқа қажетті тауарларды сатып алуда жәрмеңкелер өте тиімді болды. Көрсетілген кезеңде Қоянды, Ойыл, Тайыншакөл, Қарқара, Жаркент, Шар және т.б. ірі жәрмеңкелердің дақпырты бүкіл далаға жайылды. Жазғы және күзгі жәрмеңкелер Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында кеңінен тарады. Ірі жәрмеңкелер маусымнан шілдеге, кейде қыркүйектен қазанға дейін жұмыс істеді. Мәселен, Қоянды жәрмеңкесі 1848 жылы құрылды. Ол Қарқаралыдан 52 шақырым жерге орналасып, екі шақырымға дейін алапты алып жатты. Жәрмеңкеде мемлекеттік банктің бөлімшесі, пошта, телеграф қызмет етті. Ал Қарқара жәрмеңкесі 1893 жылы құрылып, Жетісу олбысындағы Қарқара өзенінің бойында жұмыс істеді. Жәрмеңкелерде мал, мал өнімдері, өңделген мал өнімдері, ағаш ыдыстар, ұн, шай, қант, балауыз, сабан, фарфор, темір бұйымдары, орта азиялық шапандар, кілемдер, жібек және мақта-маталар, ер-тұрман әбзелдері, кептірілген жемістер, т. б. тауарлар сатылды. Дегенмен, тауардың негізгі түрі болып мал саналды. 1871 жылы сату үшін 5 мың жылқы, 30 мың ірі қара, 78 мың қой Тайыншакөл жәрмеңкесіне айдап әкелінген. 1891 жылы мал сатудан Шар жәрмеңкесінде – 151940, Семей уезіне қарасты Екатерина жәрмеңкесінде – 91090, Нарын-Сергиополь жәрмеңкесінде 28000 сом пайда түсірілген.

Айта кетерлік жайт, жәрмеңкелердің жұмыс істеу уақыты дәстүрлі шаруашылыққа, дәлірек айтсақ, малдың күй-қоңына байланысты жүрді. Мал қыстаудан кейін тез оңалып, қонданып үлгерсе, соғұрлым жәрмеңкелер өз жұмысын ертерек бастап кететін болған. Жәрмеңкелердің өздерінің орналасқан жерлерін, қызмет жағдайларын өзгертуге тиым салынды, осы орайда олар нақты анықтама беріп отыруға тиіс болды. Өйткені олар көшпелі тұрғындар үшін жұмыс істейді деп саналды. Сондықтан да жергілікті патша әкімшілігі жәрмеңкелердің қызметін қатаң бақылап отырды. Қазақ даласындағы жәрмеңкелердің өлкенің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі орны мен рөлі ауыз толтырып айтарлықтай болды. Олар сауда-саттық орны ғана емес халықтар арасындағы тығыз қарым-қатынастың, мәдениет пен өнердің орталығы іспеттес сипат алды. Десек те, жәрмеңкелер көшпелі тұрғындардың фабрика-зауыт өнеркәсібі өнімдері мен бұйымдарына қажетін өтеді. Күрес, бәйге, гимнастикалық жаттығулар, ақындар айтысы тәрізді өнерді халыққа насихаттаушы орын ретінде көпшілікке танылды. Жәрмеңкелерде даланың дүлдүл ақындары мен бұлбұл әншілері, күйшілері, саудагерлері, он саусағынан өнер тамған зергерлер бас қосып, оларды ән мен жырға бөледі. Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Майра Уәлиқызы, Әмре Қашаубайұлы, өнерлерімен тыңдаушыларын тәнті етті.

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысында жәрмеңкелер Қазақстанды рыноктық қатынастар жүйесіне барған сайын тарта түсті. Сонымен қатар бүкіл сауда құрылымын елеулі түрде өзгертіп, оның жетілдірілуіне ықпал етті. Соның нәтижесінде даланың экономикалық өмірінің бұрынғысынан гөрі жандануына елеулі ықпал етіп, айтарлықтай рөл атқарды.

Сауданың қазақ қоғамы үшін тиімді екендігін сол заманның алдыңғы қатарлы, озық ойлы адамдары көре білді. Солардың бірі ұлы Абай еді. Абай

Қазақстан экономикасының гүлденуі үшін сауданы одан әрі дамыту қажет деп санады. Ол көптеген елдерді аралап, сауда жасаған өзбек саудагерлері туралы үлкен құрметпен айтты. Олардан қазақтар да, негізінен, малға айырбастап, көптеген тауарлар сатып алатын. Абай сауданы халықтар арасындағы қарым-қатынас құралы, қоғамның өндіргіш күштері дамуының ынтагері деп қарастырды, сондықтан да оны дамытудың белсенді насихатшысы болды.

Өлкеде өнеркәсіп пен сауданың дамуы қазақ қоғамында сол заманға лайық жаңашылдық туғызды.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Ұсақ кәсіпшіліктердің пайда болуы және дамуы.
2. Тау-кен өнеркәсібінің қалыптасуы және оның ерекшеліктері.
3. Сауданың түрлері және дамуы.
4. Қазақ даласындағы жәрменкелер және олардың жұмысы.
5. Шаруашылық саладағы өзгерістердің тағлымы және маңызы.

## 6. Урбанизация үрдістері. Банк және қаржы жүйесінің пайда болуы

Қазақ даласының Ресей экономикасына тартылуы, отаршылдық саясаттың қарқынды дамуы өлкеде қалалардың өркендеуіне игі әсерін тигізді. Қалалар өнеркәсіптің, сауданың, материалдық өндірістің, қоғамдық-саяси өмірдің, әртүрлі этникалық топтардың қоныстанған орталықтары ретінде пайда болып, жеке кәсіпкерлік пен өзіндік ерекшеліктегі рыноктық қатынастардың ошақтары іспеттес экономика мен мәдениетті жандандыруда орасан зор рөл атқарды. Айта кетерлік жайт, Оңтүстік Қазақстанға қарағанда Солтүстік-Батыс, Шығыс және Орталық Қазақстанның қалалары өлкені патшалық Ресейдің отарлауы барысында пайда болды. Осыған орай олардың атаулары да орысша болып келді. Белгілі статист зерттеуші Н.В. Туранчиновтың деректеріне қарағанда 1914 жылға дейін Қазақстанда 26 қала болған көрінеді. Олардың ішінде 7 қаланың негізі XVII-XIX ғасырларда қаланған. Ал 24 қала XIX ғасырда қала мәртебесіне ие болған. 1867-1868 жылдардағы саяси-әкімшілік, сот реформаларының барысында өз кезегінде Қазақстан аумағына енген бес қала Орынбор, Омбы, Семей, Верный, Орал облыс орталықтары ретінде мойындалды. Қазақстан қалалары отырықшы және көшпелі халықтың тұрақты өзара байланыс орталықтары бола отырып, төңірегіндегі ауылдарға әсер етіп, оның шаруашылық және мәдени өмірлеріне ықпалын тигізді. Олар, әсіресе, малмен тікелей сауда жасаудың орталықтары түрінде дархан далаға кеңінен танымал болды. Осындай орталық ретінде Қостанай қаласының рөлі айтарлықтай еді. Қалада сатып алынған мал мен шикізат Камышын, Шадрин, Троицкий, Илецкий, Орал, Орск уездеріне, Екатеринбург губерниясына, Мәскеуге, Қазанға, Ревелге, Берлинге, Венаға жіберіліп отырылды.

Бірқатар факторлар, соның ішінде шаруаларды қоныстандыру, саяси жер аудару, отырықшы қоныстарға орналастырылған әскери бөлімдердің тұрақты құрамы, ауылдардан кәсіп іздеп кетушілердің көбеюі қала халқының динамикасын арттырып, олардың этникалық, отбасылық, кәсіптік, діни құрамын қалыптастырды. Дегенмен, қала тұрғындарының саны мен құрылымы өлкедегі әлеуметтік-экономикалық қайта құруларға байланысты жиі өзгеріп отырды.

1867-1868 жылдардағы реформалардан кейінгі кезеңде өлке қалаларының көпшілігі шағын қоныстар қатарына жатқызылды. Мәселен, Сырдария облысында жалпы қалалар санының 71%-ы, Жетісуда – 50%-ы, Торғайда – 25%-ы, Ақмолада 20%-ы шағын қоныстар ретінде саналды.

Қазақстан қалаларының келбеті өлкені отарлаудың әлеуметтік-экономикалық үрдістерінің, оны тездетте түскен қажеттердің ықпалымен қалыптасты. Қалалар әкімшілік қана емес, мәдени-ағарту шараларын іске асыратын орталықтар болып табылды. Өлкенің байлығын игеру үшін сол өңірдегі байырғы халықтың салт-дәстүрі мен тарихын жетік меңгерген, жергілікті ерекшеліктерді танып білетін сауатты мамандарға зәрулік байқалды. Осыған орай қалаларда осындай мамандар даярлайтын оқу орындары ашылды. Мысалы, Торғайда 1896 жылдан бастап 88 оқу орны жұмыс істеп, оларда барлығы 2280 адам білім алды. Ал, Сырдария облысында Халық ағарту

министрлігінің ведомствосында 3956 оқушысы бар 79 оқу орны болды. Қала тұрғындарының сауаттылық дәрежесін 1897 жылғы санақ деректері көрсетіп берді. Мәселен, Семейде барлық тұрғындардың 27%-ын, Өскеменде – 30,9%, Павлодарда – 31,3%, Көкпектіде – 19,4%, Зайсанда – 31,6%-ын сауаттылар құрады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан қалаларында мәдени ағарту және ғылыми-зерттеу орталықтары шоғырландырылды. Атап айтар болсақ, Орынборда Ресей Императорлық географиялық қоғамы бөлімшесінің, Семейде Облыстық Статистика комитетінің, Халыққа білім беруге қамқорлық жасаушы қоғамының, Кедейлерге қамқорлық жасаушы әйелдер қоғамының, Верныйда кедей оқушыларға көмек көрсететін қоғамның, Қалалақ қайырымдылық қоғамының бөлімшелері жұмыс істеді. Олардың қалалардың ғана емес өлкенің мәдениетін дамытудағы, қоғамдық-саяси өмірін жандандырудағы, баспа ісін кеңейтудегі рөлі ерекше болды. Сондай-ақ, байырғы халықтың таңдаулы өкілдерін қалалардың мәдени өміріне тартты.

XX ғасырдың басында бірқатар ірі қалалар – Оралда, Петропавлда, Верныйда, Семейде, Қостанайда, Әулиеатада сауда және мал шаруашылығы мен егіншілік өнімдерін ұқсату орталықтары арқылы өнеркәсіптік даму үрдісі басталды. Қалалардың халқы, негізінен, көші-қон есебінен өсті. Қазақстан қалаларында көбінесе орыстар, қазақтар мен татарлар тұрды. 1897 жылы қала тұрғындары арасында орыстардың үлес салмағы басым болды. Қала халқының әлеуметтік құрамы да әртүрлі еді. Зерттеушілердің есептеулері бойынша, Орта Азия мен Қазақстанның тоғыз облысында қала тұрғындарының 20%-ына жуығы ауыл шаруашылығымен және ауыл шаруашылық кәсіпшілігімен айналысқан шаруалар, батырақтар және т.б. болды. Тұрғындардың 20,3%-ын сауда буржуазиясы және саудада жұмыс істейтіндер құрады. Ал тау-кен, кен өндіру және тамақ өнеркәсібінде еңбек ететіндер 33,1%-ды иеленді.

Осылайша, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан қалалары өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарды. Ауылдардан қалаларға көшу орын алмағанымен, кедейленген шаруалардың кәсіп іздеп ірі қоныстарға кетуі жаппай сипат ала бастады. Мұның өзі мал шаруашылығынан басқа тіршілік көздерінің қазақ шаруасы үшін қалалардан табылатындығын дәлелдей түсті. Осы тұрғыдан алғанда қалалар кедей шаруаларға табыс тетіктері іспеттес болды. Тек сол ғана емес қалалар мәдени ағарту орталықтары ретінде білім алуға құштарларға оқу орындарының есіктерін айқара ашты. Халықтың құлағы мен көзі саналатын мерзімді басылым орындары қалаларда орналасты. Шағын кәсіпшіліктердің дамуына да қалалар игі ықпал етті. Қалалардың қазақ даласындағы орны мен рөлі оларды өркендетудің қажеттілігіне уақыт өткен сайын көз жеткізді. Алайда бодандық бұғауындағы байырғы халықтың мұндай қажеттілікті іске асыруға мүмкіндігі шектеулі болатын. Сондықтан да отарлық езгінің қамытын киген халықтың басты мұраты тәуелсіздік алу еді. Осыған орай ол барлық қажыры мен қайратын тәуелсіздік жолындағы күреске арнады. Бұл ғасырлар тоғысындағы қазақ халқы үшін ең басты өзекті мәселе болып

табылды. Өйткені тәуелсіздікке қол жеткізбей урбандалу және басқа да аталмыш кезең үшін көкейкесті мәселерді шешу қисынсыз болатын.

Өлкеге капиталистік қатынастардың енуі, ел шаруашылығында қалалар рөлінің күшеюі, сауданың дамуы, жәрмеңкелердің қанат жаюы, акционерлік қоғамдардың құрылуы сатып алу мен сатудың құралы ақшаның мәртебесін көтерді. Тауар-ақша қатынастарының нығаюына орай ақшаның рөлі арта түсті. Соның салдарынан Қазақстанда банк мекемелері құрылды. Солардың алғашқысы 1871 жылы Қызылжардағы қоғамдық банк болды. Оның негізгі капиталы 40000 сомды құрады. 1875 жылы Ташкентте мемлекеттік банк бөлімшесі құрылды. Кейінірек мұндай бөлімшелер Оралда, Семейде, Верныйда ашылып, даладағы сауда мен өнеркәсіп орындарының дамуына елеулі ықпал етті. Патшалық империяның ірі банк мекемелері бөлімшелерінің ашылуына қазақ елі мен Ресей экономикалық орталықтарымен байланыстырған жаңа темір жол желілерінің іске қосылуы себебін тигізді. Бөлімшелерін көбірек таратқан банктің бірі – Сібір сауда банкі болды. Осы банктің 56 бөлімшесінің 6-сы қазақ даласындағы қалалар – Омбыда, Семейде, Ақмолада, Верныйда, Қостанайда, Павлодарда жұмыс істеді. Банк бөлімшелерінің құрылуы далада бұрын-соңды орын алмаған несиенің таралуына жол ашты. Несиенің мәні мынадан көрінді; банк бөлімшелері далалық облыстардың байырғы халқына шаруашылық және отбасылық көкейкесті қажеттерін қанағаттандыру мақсатында қаражат бөліп отырды. Дегенмен, банк ісінің жай-күйі, капиталының толысуы бірден ұтымды нәтижелерге жеткізе қоймады. Тұрғындар арасында ақша жүйесінің таралуына айырбас сауда кедергі келтірді. Сондықтан да ақша қатынастарының айырбас сауданы ығыстырып шығаруына тура келді. Оның үстіне кең далада ақша белгілерінің мәнін барлық аймақтарда бірдей ұғыну орын ала алмады. Егер капиталистік сауда әдістері кеңірек таралған өлкенің солтүстік және шығыс аудандарында ақшаның құнын ұғыну жылдам өріс алса, империяның отарлау жүйесіне кейінірек бағындырылған оңтүстік аймақта бұл үрдіс баяу жүрді. Оның үстіне профессор Е. Смирнов атап көрсеткендей, нақты ақшаның енгізілуі және жаңа жүйе бойынша есеп айырысу аймақты патшалық Ресей жаулап алғаннан кейін ғана ене бастаған және Оңтүстік Қазақстанда жергілікті ақша «теңге» Қоқанның металл теңгелерімен бірге еркін айналыста жүрген [66].

Қазақ ауылында ақша қорын жасаудың негізгі көзі мал болды. Мал неғұрлым көп сатылса, соғұрлым ақша қоры молайды. Бай шаруалар жәрмеңкелерде малды топтап өткізіп, өздерінің әл-ауқатын жақсартып отырды. Алайда малдың бағасы жылма-жыл ауытқып отырған. Мысалы, 1860 жылы Сырдария облысында қой 2 сом 25 тиын, ал 1887 жылы 3 сомнан 4 сомға, 1889 жылы 40 сомнан 50 сомға дейін өсіп, сиыр – 18-25 сом, қой – 5-6 сом 50 тиын, 3 жасқа жетпегені – 3-5 сом, жылқы – 20-40 сом, 1892 жылы өгіз – 15-20 сом, сиыр – 7-12, қой – 1 сом 50 тиыннан 2 сом 50 тиынға, жылқы – 5-13 сомға сатылған. Ал ауыл арасында бір жасар «ісек» қой ақшаның нақты құны ретінде қолданылған.

Көп мөлшерде мал сатудың арқасында көшпелі бай шаруашылықтар мол қаражатқа батып отырған. Ақша қаражатының болуы бай, ауқатты шаруаларды

қала банктерімен іскерлік қатынастар орнатуға, өсімқорлармен қызу несие - ақша байланыстарын жасауға, жергілікті банктерде есеп-шоттар ашуға қолайлы мүмкіндік берді. Осындай әрекеттер арқылы бірте-бірте нарықтық қатынастарға тартылып, делдал алыпсатарларды жалдап, қалаларда жылжымайтын мүлік сатып алуға қол жеткізілді. Сонымен қатар олар банктерде салымшылар ретінде өз салымдарын көбейтіп, қаражаттарын еселеп отырды. 1899 жылы 1 қаңтарындағы мәліметтер Жетісу облысында 20 кассаның жұмыс істеп, салымшылар саны 2912, салымдар сомасы 561,5 мың сом; Сырдария облысында сәйкесінше – 15, 5447, 895,1; Ақмола облысында – 13, 6576, 1361,5; Торғай облысында – 7, 422, 56, 2 болғандығын дәйектейді.

Егер XVII-XVIII ғасырларда қазақ байлары мыңғырған мал өргізіп, дала төсінде 8-10 мыңнан астам жылқы жайып, байлығымен бүкіл қоғамға мәлім болса, XIX ғасырда малдың бір бөлігін ақшаға айналдырып, керек-жарағына пайдаланып отырған. Көріп отырғанымыздай, малды тауар ретінде өсіріп, жәрмеңкелерде сатудың тиімді екендігіне қазақ байлары, әсіресе, нарықтық қатынастар кезеңінде көз жеткізген. Осы турасында «Туркестанские ведомости» басылымы былай деп жазған: «Бұрынғы кезде бізде, жергілікті халықта 4-5 мың сомы бар адам ең бай адам деп саналған, қазіргі уақытта мұндай байларды қалаларда ғана емес қыстақтарда да кездестіруге болады, ал қалаларда 300 мың сом нақты капиталы бар байлар кездеседі».

Тауар-ақша қатынастары, сауда-саттық қазақ ауылында түрлі келеңсіз оқиғалармен қатар жүрді. Сауданың мән-жайын жетік білмеген халықты алаяқтар алдап, тонап кетіп отырған. Сауда жасау барысында кең пейілді, жомарт елге қарызға ақша беріп, оны кейін үлкен үстемемен қайтарып, белшелерінен пайдаға бататын, ал меймандос қазақтарды алдап соғып, отырғызып кететін.

Сонымен урбандалу үрдісі, күнделікті шаруашылық өмірде рыноктық факторлардың рулық-патриархаттық дәстүрлерді ығыстырып шығаруы, банк-ақша қатынастары ықпалының таралуы қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына елеулі түзетулер енгізді. Мүліктік жіктеліс одан әрі тереңдей түсіп, бұқара халық арасынан қалалық рынокпен, жәрмеңкелермен, банктермен тұрақты байланысы бар әлеуметтік топтар бөлініп шықты.

Өркениетті, болашағы зор тауар-ақша, нарықтық қатынастардың таралуы айырбас сауданы ығыстырып шығарумен қатар кейбір өрескел заң бұзушылықтың, тұрғындарды аяусыз тонаудың орын алуына жол берді. Сонымен қатар тауар-ақша жүйесі даланың байырғы тұрғындарының дәстүрлі өмір салтын өзгертті. Ол малы аз шаруаларды күйзелтіп, тақыр кедей етті. Соның нәтижесінде олар күн көріс көздерін іздеп қалаларға, станицаларға, орыс деревняларына, кәсіпшіліктерге кетуге мәжбүр болды. Мұның өзі ауылдан тыс жерлерде жаңа әлеуметтік топтардың пайда болуы үрдісін тездетті. Бұл қазақ ауылының әлеуметтік құрылымының өзгеріп, күрделі бола түсуіне алып келді.

Озбыр отарлау саясатының нығаюы, қазақ жерлерінің патшалық империяның меншігі ретінде жариялануы жайылымдардың тарылып, дәстүрлі шаруашылықтың көші-қон бағыттарының қысқаруын, оның тығырыққа



тірелуін жеделдетті.

Осындай жайттардың барлығы қазақ халқын еріксіз отарлық билікке қарсы күреске шығуға итермеледі. Даланың жер қойнауындағы табиғи байлықтың талан-таражға түсіп, бей-берекет тоналуы, шұрайлы жерлердің тартып алынуы, әлеуметтік жіктелістің тереңдеуі, сауда-саттық барысында тұрғындардың алдануы, патшалық билеушілердің озбырлығы халықтың ашу-ызасын тудырды. Өз еліне, жеріне, суы мен нуына, табиғи байлығына ие болу, оны игеру, басқару тәрізді асқақ арман тәуелсіздік жолындағы жанкешті күрестің алаулаған отын жандыруға дәнекер болды. Мұның өзі XIX ғасыр соңындағы ең шоқтығы биік ұлттық идея еді. Тәуелсіз ел болу, өз бетінше еркін өмір сүру, мемлекетін жаңғырту халық көкейіндегі қол жеткізілуге тиіс мақсат-міндеттің бірегейі болатын. Алайда бұл XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында орындалуға тиіс мұрат болып қала берді.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Қазақстан қалалары және олардың ерекшеліктері.
2. Қалалардың саяси және мәдени орталықтар ретіндегі рөлі.
3. Қазақстан қалаларының өмірі.

## 7. Жаңа әлеуметтік топтардың қалыптасуы

Қазақ аулының экономикасына тауар-ақша қатынастарының енуі, малшылардың бірте-бірте күйзелуі және малы жоқ қазақтар санының көбеюі егіншілікті олардың күнделікті мұқтажына айналдырды. Егіншілер өздерін астықпен қамтамасыз етіп қана қоймай, оның бір бөлігін қала базарларына шығарып сатып, қосымша пайда түсіріп отырды. Осылайша егіншілікпен тұрақты түрде айналысатын жаңа әлеуметтік топ жатақтар пайда болды. Ғылымда осынау топқа мынадай анықтама берілген. Жатақтар кедейленген, жазғы жайлауға көшу кезінде тіршілік ету және көшіп-қону құралдарынан айырылған, өз отбасын жалдама, негізінен, маусымдық еңбекпен асыраған немесе отырықшылық шаруашылық өзгерістердің ықпалымен мал бағудан егін егуге көшкен малшы қазақтардың бөлігі.

Жатақтар егіншілікпен қатар Орынбор, Ташкен, Сібір магистралдары құрылысының маусымдық жұмыстарына қатысты. Жатақтар темір жолдарды салуда ең ауыр жұмыстарды атқарды. Бұны мұрағат құжаттары былай айғақтайды: «Бәріне дағдыланған қазақтардан басқа өздерінің сенімді көлігі түйелерімен және өгіздерімен бұл материалдарды, әсіресе, күн күйдірген далада астықты жаз кезінде тасуды, әрине, басқа ешкім қолға алмайды...». Осындай адам төзбейтін ауыр жұмыстарды қазақтардың атқарып, сол үшін небәрі 10-20 тиын еңбекақы алуларының есебінен Павлодар уезіндегі Воскресенье темір жолын салу патша әкімшілігіне арзанға түскен. Жатақтардың тағы бір бөлігі орыс деревняларына, казак станицаларына барып, жалданып, табыс тапты.

Мұрағат деректері көшпелілердің жалпы санындағы жатақтардың үлес салмағы елеулі болғандығын дәйектейді. Мысалы, 1901 жылғы деректер бойынша Көкшетау уезінде жатақтар барлық тұрғындардың 4,6%-ын, Атбасар уезінің солтүстік болыстарында 5,3%-ын, оңтүстік уездерінде 7,9%-ды құраған. Дегенмен, қазақ жатақтарының саны туралы мәліметтер жоқтың қасы. Мұның өзі жатақтардың жалпы санын анықтауға мүмкіндік бермейді. Оның үстіне халық санағы әдетте қысты күндері жүргізілгендіктен жатақтар өз отбасыларында болған. Осы орайда өз кезегінде пролетариаттың көсемі атанған В.И. Ленин: «Шетке кәсіп іздеп кетушілердің белгілі бір бөлігі ...қалалардың нақты халқы қатарында тіркеледі... Бірақ бір бөлігі ғана, өйткені бұл халықтың кезбелік сипаты жағдайында оны жекелеген тұрақты орталықтардың санағында есепке алу, сонымен қатар халық санағы әдетте қыста жүргізіледі, ал кәсіп іздеген жұмысшылардың ең көп бөлігі үйінен көктемде кетеді», – деп жазған.

Жатақтардың түрлі кәсіптермен шұғылдануына байланысты әр алуан әлеуметтік топтардың, мәселен, егіншілердің, жұмысшылардың қатарын көбейтті. Десек те, олардың басым көпшілігі отырықшы мал шаруашылығымен айналысты. Ал кәсіп іздеп кеткендердің біраз бөлігі қалалар мен ірі қоныстарда өнеркәсіп пен шағын кәсіпшіліктің, темір жолдардың жұмысшыларына айналды. 1894 жылғы Семей облысының шолуында былай делінген: «Жұмыс қолының қажеттілігі әрқашан аңғарылатын және жұмысшының еңбегіне ақы жақсы төленетін Семей қаласының арқасында Семей қазақтары қазірдің өзінде далаға бармай өмір сүруге дағдыланып алды. Сібір темір жолын салуға жақсы

ақы төленеді, жұмысшылар қажеттігі туралы бірінші болып біліп, дала тұрғыны немесе диқан өмірін тастап, табыс табу үшін сол жаққа кетті.

Отаршылдық езгінің күшеюі салдарынан халық бұқарасының жағдайы күрт нашарлап, қазақ шаруалары күйзеліске түскен, кедейлердің көпшілігі малынан айырылып, кәсіпсіз адамдар тобыры толықтырылған тұста Абай оларға тіршілік ету жолын нұсқап, жалпы еңбектің ең прогресшіл нысаны – жалдамалы еңбектен бойды аулақ салмауға шақырды. Өйткені қайыршылыққа ұшырап, ашаршылықты бастан кешіргеннен гөрі жалданып еңбек етудің өзі жағымды әрекет болып табылады. Сондықтан мұның өзін Абай айтқандай өркениетті құбылыс деп сануға болады.

Біз қарастырып отырған кезеңде ауылдың әлеуметтік өмірінде «атқамінерлер» дейтіндер пайда болып, олардың рөлі өсе түсті. Атқамінерлер деп іскерлік ынта-жігерлі, билікке ықпалды және құрмет-марапатқа ие адамдар аталды. Халық арасында оларға «өзін аса бақытты адам деп сезініп, күнін ет жеп, қымыз ішумен өткізетіндер» деген баға берілді. Өйткені олар билікке үміткерлерді жағалап, оларды мақсат-мұратына жеткізгенше әрекет етумен болатын. Содан соң келесі үміткерлерге ауысқанда сөзсіз құрмет пен түрлі меймандостыққа бөленетін. Мұның өзі көшпелілір арасында іскер адамдардың бөлектеніп шығуына ықпал етті. Осылайша ауылдың әлеуметтік топтары озбыр отарлау саясатына бейімделіп қана қоймай, тығырықтан шығу жолында тиімді тәсілдерді де іздестірді. Сол кездегі осындай әрекеттердің өзін бодандық бұғауында туындаған ұтымды әрекет деуге келеді. Себебі атқамінерлер халықтың арасынан бөлектеніп шыққан ауқатты әрі жергілікті биліктен үміткер, ұлттың қамын ойлаған адамдардың мүддесін көздеді. Отарлау саясатына мойынсұнғанымен іштей өз елінің әл-ауқатын жақсартуға, көкейкесті түйіткілдерін шешуге ұмтылған атқамінерлер көптің ортасынан айтулы тұлғалардың шығуына елеулі ықпал етті.

XIX ғасырдың соңына қарай ауылда патриархатты шаруаны жаңа әлеуметтік топтармен ығыстыратын үрдіс жүрді. Бұл үрдіс қазақ ауылына капиталистік элементтердің енуімен, осыған орай шаруаның түрлі әлеуметтік топтардың өкілдеріне айналуымен байланысты өрбіді. «Осы жаңа күштің, яғни капиталдың пайда болуы, – деп жазды В.И.Ленин, – жаңа шаруа қожалықтары типтерінің қалыптасуымен ілесе жүреді; біріншіден, ауқатты, экономикалық жағынан мықты, дамыған тауарлы шаруашылықты жүргізетін, мердігерлікке кедейлерді жалдайтындар; екіншіден, өзінің жұмыс күшін капиталға сататын шаруа». Көріп отырғанымыздай, капиталистік қатынастардың ауыл шаруашылығына енуіне байланысты шаруалардың жаңа тобы – батырақтар пайда болды. Батырақ капиталистік шаруашылықтағы жалдамалы жұмысшы болып табылады. Оның кейбіреулерінің жер телімдері болса, енді біреулері мүлде жерсіз, малсыз болып келді. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда батырақтың әлеуметтік-экономикалық болмысының ерекшеліктеріне байланысты бұл әлеуметтік топ «таза» күйінде көрінген жоқ. Тіпті батырақ сөзінің өзі ауылға танымал емес болатын. Бұл сөз тек XIX ғасырдың екінші жартысында қолданыла бастады. Батырақтарды қазақ ауылында дәл осылай немесе малай,

жалшы деп те атады. Себебі ауылда капиталистік емес, патриархаты-рулық қатынастар үстемдік етті. Осыған орай шаруалардың әлеуметтік жіктелуі капитализмнің ауыл шаруашылығында даму сатысына тән дифференциациялық сипатқа ие бола алмады.

Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықта батырақтар жалдамалылар ретінде әртүрлі топтарға бөлінді. Мәселен, қонысы бай шаруаның маңына қоныстанған – жұмыскер, жалшы отбасы. Малай – үй шаруасындағы жұмыскер немесе жалшы; жалшы – жалдамалы жұмысшы немесе малшы, яғни қойшы, т.с.с. Осындай батырақтар немесе батырақтарға жақын топтар қоғамның әлеуметтік құрылымынан орын алды.

XX ғасырдың ортасында көшпелі шаруашылықта бай, ауқатты және кедей шаруалардың өмір сүргендігі белгілі. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы орта бай шаруашылығында мыңға жуық қой мен ешкі, 40-50 түйе жіне осыған сәйкес жылқы болған. Осыншама мыңғырған малды бағуға бай 4-5 жалшы-батырақты жалдауға мәжбүр болған.

Ірі байдың 2 мың қойы мен 150-200 жылқы, түйесі арқылы атағы шыққан. Қора-қора қойды, тең-тең түйені, үйір-үйір жылқыны жайылымда ұстау үшін байға 3-4 қойшы, 2-3 түйеші, 3-4 жылқышы, барлығы 10-11 жалшы қажет болған. Бұлардан өзге құдық қазатын, оларды жөндеп отыратын жалшылардың еңбегіне әркез сұраныс туындаған.

Күн суытып, қар түскен кезде қонысты қардан тазартып, малдың жатын орнын дайындау аса ауыр жұмыстардың бірі болған. Міне, осылардың барлығын қосқанда, мал жаюдан басқа көшпелі шаруашылықтағы көптеген жұмыстар үшін байға жиырмаға жуық қосымша жұмыс күші керек еді. Осылайша бай шаруашылықтары батырақтардың еңбегін кеңінен пайдаланды. Жалшылар жылдық, мерзімдік, көтермелі деп бірнеше түрге бөлінді. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда батырақтарды жалдаған шаруашылықтар Верный уезінде барлық шаруашылықтардың 15, 7%-ын, Қопалда – 17, 6%, Лепсіде – 14, 0%-ын құрады. Әрбір жылдық жалдамалы жұмысшыларды жалдаған 100 шаруашылықтағы батрақтардың үлес салмағы Верный уезінде – 81,2%, Лепсіде – 60,9%, Жаркентте – 73%, Қопалда – 55,05% болған. Отырықшы және жартылай көшпелі мал шаруашылықтары жалдамалы батырақтар еңбегін көшпелі мал шаруашылығына қарағанда көбірек пайдаланды. Әсіресе мұндай үрдіс солтүстік аймақтарда айқын көрініс тапты. Мысалы, Ақтөбеде барлық шаруашылықтардың 42,3%-ы, Қостанайда – 28,1%, Өскеменде – 17,0%, Ақмолада – 26,7%, Атбасарда – 13,7%, Петропавловскіде – 19,0%, Павлодарда – 14,5%, Қарқаралыда – 13,5%, Омбыда – 24,5%-ы батырақтарды жалдады. Қазақ батырағының шағын болса да, негізінен, өз шаруашылығы болды. Бұл оның орыс батырағына қарағандағы басты айырмашылығы болды. Батырақтардың жартысына жуығы отағасы саналып, дербес шаңыраққа иелік етті. 5-6 шаңырақтан тұратын өзге де кедей туыстармен және 2-3 бай киіз үйлерімен қосылып, тұтас бір ауылды құраған.

Батырақтардың еңбекақысы көшпелі мал шаруашылығында ақшалай емес, мал және мал өнімдерімен төленді. Жалдамалы малшы-көшпелілер өте

мардымсыз ақы алды әрі еңбек жағдайлары адам төзгісіз ауыр болды. Әсіресе, қойшылардың жағдайы өте қиын еді. Егер түйеші, қорашы, қауғашы, отыншы, сушы ауыл ұзақ аялдама жасаған кезде дем алса, қойшының мұндай мүмкіндігі болмады. Олар күнделікті мал жайып, солармен бірге жүруге мәжбүр еді.

Сондықтан да халық арасында қойшының еңбегі туралы көптеген аңыз-әңгімелер тарады. Қай аймақта қой көп болса, сол жерге барғанда бұрынғы қойшылар өздерінің кәсібін жасырып отырған. Содан болса керек, ел аузында

«Жетісуға барсаң, қойшымын деме,  
Арқаға барсаң, жылқышымын деме,  
Атырауға барсаң, түйешімін деме», –

деген нақыл сөз ұрпақтан ұрпаққа жеткен.

Бір ғана батырақ бүкіл отбасын асырай алмағандықтан оның әйелі мен балаларына да жалдануға тура келген. Олардың жұмысы ауыр болған. Батырақтардың ауыр еңбегі сол кездегі мерзімді басылым беттерінен көрініс тауып отырған. Мәселен, «Сибирская газета» қазақ батырақтарының еңбегі мен тұрмысы жайында былайша жазған; «Бай қырғыз-қазақ бірнеше малшыны, жылқы бағатын жылқышыларды, қой жаятын қойшыларды, сиыр өргізетін бақташыларды, түйе бағатын түйешілерді және үй шаруасы үшін екі-үш жалдамалы еркек пен әйелді ұстайды. Осы адамдардың барлығы күні бойы, тіпті қатты аязда да, аптап ыстықта да шаршамай жұмыс істейді. Қожалары оларды құл деп атайды. Батырақтардың адам төзгісіз ауыр еңбегі мен қожайындарына бағынуына қарап, құл деген атаудың оларға лайықты қойылғандығын мойындайсың». Айта кетерлік бір жайт, темір жолдарға, қоныс аудару қоныстарына, казак станицаларына, қалаларға жақын орналасқан жерлерде батырақтар еңбегі көп әрі кеңінен пайдаланылды. Мұндай жағдайға отырықшы мал шаруашылығындағы тауарлы-капиталистік қатынастардың жылдам дамуы ықпал етті. Кедейленген қазақ шаруасы аз ғана еңбекақыға батырақ болып жалдануға мәжбүр болды. Отырықшы мал шаруашылығында батырақтардың жалақысы мал және мал өнімдерімен, ал кейде ақшалай берілетін еді. Батырақтың орташа бір күндік ақысы 20 тиыннан 80 тиынға дейін жетті.

Осылайша, қазақ кедейлері ауылға жаңа экономикалық қатынастардың енуіне байланысты малсыз қалып, ендігі жерде өзінің еңбек күшін сатып күн көруге болатынына көз жеткізді. Мұның өзін ол заманауи құбылыстары деп таныды. Сондықтан да сондай жаналықтарға бейімделуге тырысты. Дәстүрлі экономикалық қатынастардан жаңа құрылымға өтудің өзін сол кезең үшін прогрессивті мәні бар құбылыс деп санауға болады. Өйткені, малсыз, күнкөріссіз босқа аштан өлгенше ауылдан тыс жерлерге барып, табыс табуды көксеген кедей үшін бұл тың бастама еді. XX ғасырдың бас кезінде капиталистік қатынастардың анағұрлым тереңдей түсінуіне орай қазақ қоғамында жалдамалы жұмысшылардың, соның ішінде батырақтардың қатары көбейді. Мысалы, 1908 жылы Ақтөбе уезіндегі бай, ауқатты шаруалардың қожалықтарында 10372, Қостанай уезінде 7510 батырақ тіркелген.

Осылайша, тауарлы-капиталистік қатынастардың элементтері қазақ

ауылына енді. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан, қазақ қоғамының әлеуметтік дамуында үстемдік еткен патриархаттық-рулық қатынастармен қоса өрбіді. Осыған қарамастан батырақтардың еңбегін жалдау кеңінен орын алды. Дегенмен, қазақ батырағының әлеуметтік-шаруашылық жағдайындағы ерекшеліктерге байланысты өзіндік сипаты да бар еді. Десек те, ол жалдамалы жұмысшылардың бірі ретінде әлеуметтік құрылымнан көрініс тапты.

Тұрмысы мен тіршілігі ауыр күйде болған, еңбекақысы толық төленбеген батырақтың көкейінде бір ғана мақсат – өзінің еңбегін қанаушыларға қарсы күрес тұрды. Ең алдымен батырақ өзінің ұлттық санасын көтеруге ұмтылды. Содан соң еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту жолында сол кезеңге лайық ереуілдер мен көтерілістерге, митингілерге шығуды жөн санады. Қазақ даласындағы социал-демократиялық саяси ұйымдар, партиялардың әсерін сезінген батырақтар патшалық Ресейдегі жұмысшылар қозғалысын, сегіз сағаттық жұмыс күні, жалақыны көбейту, тұрмыс, еңбек жағдайларын жақсарту, түрлі айып пұлдарды жою тәрізді талаптарды жақтады. Жақсы өмірді көксеген батырақтардың осындай әрекеттері мен тілегін өз заманына сай бастама деп санауға болады.

Дүниежүзілік жұмысшылар қозғалысы, олардың өз талап-тілектерін қоя білуі, нәтижесінде дамыған Еуропа елдерінде орта тап өкілдерінің көп болуына алып келгендігіне тарих куә. Ешбір төңкеріссіз, демократиялық жолдармен жұмысшылардың бай-қуатты тұрмыс пен өмірге қол жеткізе алатындығын өмірдің өзі дәлелдеп берді. Аталмыш кезеңде батырақтардан басқа тағы бір әлеуметтік топ – жұмысшылар пайда болды. Жұмысшылардың қатарын қоныс аударушы шаруалардан шыққан табыс іздеп кетушілер, қазақ кедейлері толықтырып отырды.

1910 жылы Қостанай уезінің 20 кентінде статистикалық зерттеулер жүргізілді. Зерттеудің мәліметтері көрсеткендей, қоныс аударып келген шаруалардың көпшілігі бейшаралық тіршілік еткен. Шаруалар қожалықтарының жартысынан астамы кедей болған және өте нашар күнкөрісте өмір сүрген. Күнделікті тұрмыс-тіршілікке мұқтаждық шаруаларды табыс іздеп кетуге итермелеген. Соның салдарынан олар кәсіпшілікпен айналысып, жақын маңдағы өнеркәсіп орындарына, темір жол құрылыстарына барып жалданды. Мысалы, Қостанай уезінде барлық шаруашылықтардың 34,8%-ы, ал Ақтөбе уезінде 34, 2%-ы кәсіпшілікпен айналысты.

Күйзеліске ұшыраған қолөнершілер мен ұсақ ісмерлер жұмысшы болып кетті. Қазақстанда фабрика және зауыт өнеркәсібі нашар дамыған жағдайда қолөнершілер саны едәуір көп болатын. Мәселен, 1894 жылы Ақтөбе облысында 9307, ал 1895 жылы Семей облысында 10329 қолөнерші болған.

Орталық Ресеймен сауданың дамуына, әсіресе, сол жақтан фабрика-зауыт бұйымдарын әкелудің күшеюіне байланысты Қазақстанда ұсақ қолөнер өндірісі құлдырай бастады. Бұл Қазақстанның барлық дерлік облыстарының «Шолуларында» атап өтілді. Мысалы, Ақмола облысының 1901 жылғы «Шолуында» былай делінген: «отырықшы халық арасында қолөнер кәсібі... ішінара байырғы халықтың қажетті білімдері мен техникалық машықтары

болмауы себепті, арақидік жергілікті қолөнершілердің туындыларына айтарлықтай сұраным... оның дамуына қолайсыз жағдай қалыптасып отыр; оның үстіне үй шаруашылығының көптеген бұйымдары, сондай-ақ киім-кешек, аяқ киім, іш киім және басқаларын жергілікті саудагерлер Мәскеу мен Нижний Новгород «жәрмеңкелерінен» дайын күйінде алып, едәуір оңтайлы бағамен сатады және олар сапасы жағынан жергілікті ісмерлердің жасағанынан әлдеқайда жоғары». Сырдария облысының 1913 жылғы «Шолуында», «Ірі өнеркәсіп орталықтары қазірдің өзінде көшпелілерге фабрикада жасалған мақта-мақта және жібек маталар мен киім-кешектер жіберіп отыр. Олар арзандығымен ісмерлік бұйымдарды ығыстырып шығаруда. Соңғы жағдайға байланысты кейбір ісмерлік өндірістерде қазір тоқырау мен құлдырау байқалуда».

Көріп отырғанымыздай, қазақ ауылына тереңдей енген капиталистік қатынастар оның шаруашылық жағдайын өзгертіп қана қоймай, әлеуметтік құрымына да елеулі ықпалын тигізді. Ғасырлар бойы халықтың мұқтажын өтеп келген он саусағынан өнер тамған, атам қазақ айтқанындай, он саусағы он адамның еңбегін ендігі кезекте ығыстырып шығаратын өзге әлеуметтік топтар қалыптасты. Байырғы халық ісмерлерге сұраным тапсырып, киім-кешек тіктіргеннен гөрі фабрикалық дайын бұйымдарға әуестене бастады. Себебі қазақ ауылына да еуропалық киім үлгілері ене бастады. Заман ағымына қарай еуропалық тұрғындар тәрізді киінуге әуестік байқалды. Тек киіну ғана емес күнделікті тұтынатын бұйымдарды өзгертуге, жаңа тұрмыс салтына икемделу де қазақ отбасыларынан көрініс тапты. Сол кездегі жез самауырмен шай ішу, түрлі жиһаздарды пайдалану, т.б. бірте-бірте ауқатты қазақ отбасыларының күнделікті әрекеттеріне айнала бастады.

Аталмыш кезеңде қоғамның әлеуметтік құрылымында жаңа бір топ жұмысшылар пайда болып, орын ала бастады. Жұмысшыларды, негізінен, қала кедейлері, күйзеліске ұшыраған ауыл кедейлері қалыптастырды. Жұмысшылар көбінесе өнеркәсіпте, темір жолда, шағын кәсіпшіліктерде еңбек етті. Өлкенің темір жол бойының халқы өз кезегінде жұмыс қолдарын беріп отырды. Темір жол бойының халқы айтарлықтай тез қарқынмен өсті. Атап айтар болсақ, 1906 жылы Орынбор – Ташкент темір жолы бойында 40846 адам, ал 1913 жылы 58 мың адам тұрды, яғни тұрғындардың саны 42%-ға өсті. Генерал-майор Милеанттың мәліметтеріне, Орынбор – Ташкент темір жолының төменгі қызметшілері, яғни кондукторлардың, стрелочниктердің бір бөлігін жергілікті тұрғындар құраған. Қазақ жұмысшылары көбінесе ерекше техникалық дағдылар мен кәсіптік даярлықты керек етпейтін әртүрлі ауыр жұмыстарды атқарған. Сондықтан да оларға төмен ақы төленіп, еңбек жағдайлары толық қорғалмады. Қазақ арасынан білікті жұмысшылар шыға қоймағандықтан патшалық үкімет Ресейдің орталық аудандарынан өнеркәсіп және темір жол мамандарын алдыруға мәжбүр болған.

Сөйтіп, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде жұмысшы тобының көзі болып жергілікті қазақтар мен қоныс аударушы шаруалардан шыққан шетке табыс іздеп кетушілер, жергілікті қалалардың күйзеліске

ұшыраған қолөнершілері мен жұмысшылары, запастағы төменгі әскери шендегілер және өлкенің қала халқы, сонымен қатар Ресейдің ішкі және басқа губернияларынан келген білікті жұмысшылар мен күйзелген шаруалар болып табылды. 1913 жылы Қазақстандағы жұмысшылардың саны шамамен жасалған есептеулер бойынша 75 мың адамға жетті. 1913-1918 жылдарда жүргізілген Бүкілресейлік өнеркәсіп және кәсіптік санақтың деректері бойынша Қазақстанда 1913 жылы 675 фабрика-зауыт кәсіпорындары болып, оларда 51104 жұмысшы жұмыс істеген. Солардың 19851-і ірі зауыттарда еңбек еткен. Өлкенің темір жол және су жолы көлігінде 25 мыңнан астам жұмысшы істеген. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында кәсіпорындар мен темір жолдарда, кәсіпшіліктерде жұмыс істейтін жұмысшылар саны елеулі түрде өскен. Осы тау-кен кәсіпорындарындағы жұмысшылардың саны 18 мың, ал темір жолдарда 30 мың адамға жеткен. Жалпы қазан төңкерісіне дейін ресми мәліметтер бойынша жұмысшылардың саны 90 мың адам болған. Айта кетерлік жайт, қазақстандық жұмысшылар жыл бойы өнеркәсіптерде жұмыс істей алмады, өйткені олардың көпшілігі тек көктем, жаз айларында іске қосылып, күзгі, қысты күндері қарап тұрды. Сондықтан да жұмысшылар сондай уақыттарда басқа да кәсіптермен айналысуға мәжбүр болды.

Маусымдық кәсіпорындар қатарына көбінесе шағын кәсіпшіліктер жатты. Мәселен, мақта тазалайтын, жүн жуатын, май шайқайтын, сабын қайнататын, күріш тазартатын, т.с.с. кәсіпшіліктер, диірмендер шикізаттың жетіспеуіне байланысты жыл бойы жұмыс істей алмады. Керісінше аталған кәсіпшіліктерге егін жиналып, шикізат көбейген кезде мөлшерден артық жұмысшылар қажет болды. Мұндай кездерде олар қосымша жұмыс күшін жалдауға дейін барды. Тұрақты түрде жұмыспен қамтамасыз ететін өнеркәсіптердің қатарына кен өндіруші өнеркәсіп орындары мен темір жолдар енді.

Өлкедегі өнеркәсіп орындары техникалық жағынан артта қалған, қарапайым, жабдықтары тозған және ескірген күйде болды. Кәсіпкерлер арзан жұмыс күші мол болған соң өз кәсіпорындарын техникамен жаратқандыруға мүдделі болмады. 1913 жылы Түркістанның өнеркәсіп орындарының 48 түрінен 23-і механикалық двигательдерсіз жұмыс істеді. Оларда жұмыс тек қол еңбегі арқылы атқарылды. Жүн жуатын, ішек-қарын, спирт тазартатын, шарап ашытатын, сабын, ірімшік, желім қайнататын кәсіпшіліктердегі жұмыс өте ауыр әрі қол еңбегімен атқарылды. Соған қарамастан жұмысшыларға төленетін еңбекақы төмен болды. Сондықтан да жұмысшылар еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту талаптарын үнемі қойып отырды. Талаптар көбінесе бейбіт түрде арыз шағым айту жолымен қойылса, кейбір жағдайларда ереуілдер, бас көтерулер арқылы шешімін табатын болған. Дегенмен, жұмысшылардың талаптары ешқашан толық орындалып көрген емес. Мұның өзі жұмысшыларды екі жақты күреске итермеледі, бірі кәсіпшіліктердің иелерінен өздерінің жағдайларын жақсарту үшін күрес болса, екіншісі жалпы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына, езгісіне қарсы бұқаралық күрес еді.

**Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**



1. Отарлау саясаты және қазақ далсында жаңа әлеуметтік топтардың қалыптасуы.
2. Ауылдан табыс іздеп кетудің орын алуы.
3. Батырақтар және жалшылардың қалыптасуы.
4. Жұмысшылар және олардың жағдайы.

## 8. Қазақ даласына орыс шаруаларының қоныстануы және оның салдарлары

Сонау XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ жерлеріне орыс шаруаларының қоныс аударуы казактардың отарлауынан кейінгі екінші кезекте іске асырылды. Алайда бұл қоныстандырудың ауқымы үлкен болмады. Тіпті 1822 жылғы «Бұратаналарды басқару туралы» жарғы бойынша «бұратаналардың иеленуіне бөлінген» жерлерге ресейліктердің өз бетімен қоныстануына қатаң тиым салынды. Алайда жер пайдалануда орыс шаруаларына казактардан жерді жалға алуға рұқсат берілді. Ал 1868 жылғы «Далалық облыстарды басқару жөніндегі уақытша ережеде» «қоғам құрамындағы казактардың да, жекелеген адамдардың да өз учаскелерін немесе олардың бөліктерін уездік басқармада куәландыруға тиісті ерікті келісім бойынша орыстардың пайдалануына беруге құқығы бар» деп жарияланып, бекітілді. Осыған орай ережеде қоныс аударушыларға арналған кейбір жеңілдіктер: құрылыс салу үшін жер бөлу, құрылыс ағашын тегін беру туралы айтылған. Алайда жерді бөліп алу жолдары әлі де нақты көрсетілмеді.

Орыс шаруаларын қазақ даласына қоныстандыру 1861 жылдан басталды. Себебіб шын мәніндеб ең алғашқы Ресей шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы империядағы 1861 жылғы 19 ақпандағы басыбайлық құқықты жоюға байланысты реформаға орай жүрді. Осы кезде орыс шаруалары еркін түрде қазақ далаларына көшіп келе бастаған. Патша өкіметі өз елінде дворян-помещиктердің мүдделерін қорғай отырып, жер мәселесін солардың пайдасына шешуге тырысты. Осыған орай жерді сатып алуға мүмкіндігі жоқ немесе жері аз шаруалар өз беттерімен қазақ сахарасына көшіп келе бастады. Алғашқыда патша өкіметі мұндай қозғалысқа көңіл аударып, шара қолдануға ұмтылғанымен, шаруалардың Ресейден басқа жерлерге қоныс аударуларын іштей құптады. Өз бетімен қоныс аударушылар Ақмола облысына келді. Тобыл және Пермь шаруалары тұңғыш рет Көкшетау уезі жерлеріне қоныс тепті. 1889 жылы қоныстануға рұқсат берілгенге дейін Ақмола облысында 21 орыс шаруа қонысы болды. Екіншілік және басқа да кәсіпшіліктер үшін бос жатқан жерлер іздеген адамдардың тұтас топтары Ақмола облысында босып жүрді. Тарихи деректердің мәліметтерінен, Жетісу облысына орыс шаруалары империяның Қытаймен шекараларын қорғау мақсатында арнайы қоныстандырылған. Осыған орай XIX ғасырдың 60-жылдарында облыс губернаторы Г.А. Колпаковскийдің бастамасы бойынша «өлкені орыстандыру мақсатында» шаруаларды орналастыруға рұқсат етілді. Жетісуға көшіп келгендердің отбасындағылардың әрқайсысына 30 десятинадан жер бөлінген. Шаруашылық жүргізу үшін қарыз беріліп, 15 жылға салықтардан босатылған. Осы жөнінде арнайы ереже шығарылған.

Шаруалардың қазақ даласына қоныстануының бірнеше факторлары болды. Олар: шет аймақтарда халық аз қоныстанған аумақтардың болуы; шаруалар жерінің тапшылығы; феодалдық сарқыншақтардың сақталуы; өз елдерінде күн көрістің қиындауы; жер сапасының нашарлап, өндіріс

тиімділігінің төмендеуі; егіннің шықпай қалуы. Көрсетілген факторлардың жіктелуіне орай қоныстандыру қарқыны күшейіп немесе төмендеп отырған.

XIX ғасырдың 80-жылдарында бүкіл Еуропаны аграрлық дағдарыс қамтыған тұста Ресейдің онсыз да мүшкіл ауыл шаруашылығы тығырыққа тірелді. Оның үстіне 1880 жылы Ресейде астық шықпай қалып, елді ашаршылық жайлады. Осындай ауыр жағдайдың салдарынан шаруалардың шет аймақтарға көшуі күшейе түсті. 1881 жылдың соңында қоныс аударушылар туралы уақытша ережелер қабылданды. Біраз уақыттан кейін 1889 жылдың 13 шілдесінде «Село тұрғындары мен мешандарының қазыналық жерлерге өз еркімен қоныстануы туралы және аталған сословиелердің адамдарын ерте уақытта қоныстанғандарға жатқызу тәртібі туралы» ереже күшіне енгізілді. Қоныс аударуға Ішкі істер және Мемлекеттік меншік министрлігі ұйымдарының арнайы шешімі бойынша ғана жол берілді. «Құрметке лайық», «сенімді» қожайындарға ғана рұқсат беру ұйғарылды әрі олар қоныстануға арналған жерлерге жіберілді. Мұндай жерлер болып Ақмола, Семей, Жетісу облыстары саналды. Далалық облыстарда қоныстанушыларға берілетін жер нормалары нақты анықталмады. Десек те, 1889 жылғы ереже Қазақстанды Ресейден қоныс аударушыларға заңнамалық тұрғыда ашып берді. Әйтсе де ереже өзінен кейінгі қоныстануға байланысты барлық ережелер сияқты көшіп келушілер қозғалысын тәртіпке келтіре алмады. Керісінше 1889 жылғы ереже қоныстануды кеңейтуге бағытталған әртүрлі жарлықтармен толықтырылды.

1891 жылғы «Дала Ережесі» бойынша патша өкіметінің қазақ даласын империяның мемлекеттік меншігі деп жариялағаннан кейінгі жерде заңды түрде жүре бастады. Тіпті қоныс аударушылар мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, оларға материалдық көмек көрсетілді. Ресейдегі 1891-1892 жылдардағы аштықтан кейін қоныстанушылар легі күшее түсті. Ал 1893 жылы Сібір темір жолының батыс тармақтары салынғаннан кейін орыс шаруаларының көші-қон қозғалысы қарқынды жүрді. Өз бетімен қоныстанушылардың жер пайдалануын және орыс шаруалары мен қазақтардың арасындағы қақтығыстарды азайту бағытында осы мәселелердің төңірегінде орын алған қайшылықтарды реттеу қажеттілігі туындады. 1893 жылдан бастап Ақмола облысында 1-межелуе партиясы өз жұмысын бастады. 1894 жылы император II Николай дала генерал-губернаторларға Ақмола және Семей облыстарының көшпелі халқының пайдалануындағы бос жерлерді анықтау жөнінде тапсырма берді. Мұндай зерттеуді ұйымдастыру Сібір темір жолы Комитетінің міндетіне жатқызылды. Комитеттің бастамасымен белгілі земство статистигі Ф.А. Щербинаның басшылығымен «артық» және «бос» жерлерді айқындау мақсатында экспедиция ұйымдастырылды. 1896-1903 жылдар аралығында экспедиция Ақмола, Семей және Торғай облыстарының уездеріндегі қазақ шаруашылығы туралы мәліметтер жинады. Ол «артық» жерлерді анықтап, солардың есебінен қоныс аудару қорын құруды ресми түрде дәлелдеді. Экспедицияның дәйекті мәліметтері және көшіп келгендерге «артық» жерлерден үлес бөліп беріп отыру арнайы басқарма ұйымдастыруды қажеттендірді. Осылайша 1896 жылы Ішкі істер министрлігі жанынан Қоныс аудару басқармасы ашылды. Қазақ өлкесі

қоныс аударатын бес ауданға: Торғай – Орал, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу бөлініп, аудандық қоныстандыру мекемелері құрылды.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейін Ресейде аграрлық мәселені шешу мақсатында елде орын алған жер дағдарысынан шығу үшін патша өкіметі қара шаруаларды шет аймақтарға көбірек жібере бастады. Ресей империясының ауыл шаруашылығы министрі Столыпин жер мәселесін қазақ жерін тонау арқылы шешпек болды. Қоныстандыру аса үлкен пәрменділікпен жүргізіліп, қазақ жерлері ашықтан-ашық тонала бастады. Осындай саясаттың нәтижесінде қазан төңкерісі қарсаңында қазақ жерлеріне келіп орын тепкен келімсектердің саны 1 миллионнан асып түсті. Олар, негізінен, түгін тартса майы шығатын, топырағы құнарлы 45 миллион десятинадан астам жерлерді иемденді.

Патша өкіметінің қазақ жерлерін қарашекпенділерге әперуге кірісуі, халықтың шұрайлы, сулы, нулы жерлерінен айырылуы, мұндай зорлықтың күйзеліс пен дағдарысқа әкелгендігі ғасыр басындағы ең негізгі өзекті мәселеге айналды. Қоныстандыру саясатының түйіткілдерін жұртшылық кең талқылауға алды. Үкіметтің аграрлық саясатының құрамдас бөлігі ретінде бұл мәселе Мемлекеттік Думада өте қызу айтыс туғызды. Аграрлық мәселені шешу Ресей империясының шет аймақтарын мекендеген халықтардың саяси құқықтарын қарастырумен ұштасты. Бұған Үкіметтің Ресейдегі шаруалардың жерге деген мұқтаждығын кедейлерді шығысқа жаппай қоныстандыру жолымен қанағаттандыруға тырысуы себеп болды. Жергілікті тұрғындардың мүдделері мүлде ескерілмеді. 1906 жылғы I Мемлекеттік Думаның отырысында Орынбор губерниясынан сайланған депутат Т.И. Седельников қазақ халқының да, орыс қоныс аударушыларының да мүдделерін қорғау туралы мәлімдеді. Ол «жүз мыңдаған қазақтар сөздің тура мағынасында жерсіз болып табылады. Ал егер жері аз қазақтарды алсақ, олар миллионнан кем болмайды», – деп мәлімдеп, жұртшылықтың назарын жер пайдалану мәселелеріне аударды. Оңшыл депутаттардың бір бөлігі, мәселен, князь Голицын сияқтылар бұрынғысынша «қоныс аудару ісін мүмкін болған барлық әдістермен күшейтуді» талап етті. Т.И. Седельников бұл жағдайға ашық қарсы шығып, қоныс аударуды ұйымдастыруда жіберілген қателіктер, патша шенеуніктерінің жүгенсіздіктерін ашып көрсетті. Ол әсіресе ағаштарды саяжайлар үшін кесуді қатты сынады. Т.И. Седельников қазақ жерлерінің қоныстандыру үшін тартып алынғанын, оларды шөл, шөлейт аудандарға ығыстырғанын, қоныс аудару қорлары жергілікті тұрғындардың пайдаланып отырған жерлері есебінен жүргізілгендігін ашық, жан-жақты жазды. «Ол – жерге орналастыру жүйесі қырғыздардың (қазақтардың) ең таңдаулы жерлерін тартып алып ...үйсіз, қаңғырып қалған көшпенділерге ешқандай пайда көрсетпей, оларға сәтті жүргізіліп келе жатқан іске кедергі ретінде қарайды», – деген автор тұжырымы осының дәлелі. Осылайша Т.И. Седельников: «қазақ ауылының отырықшылыққа көшуіне патша үкіметі жағдай жасаған жоқ, керісінше, шын мәнінде оған кедергі жасады», – деген шындыққа жанасатын пікір айтты. Ресей империясы қазақ халқының өзіне тәуелді болуын және экономикасы үшін арзан

шикізат көзі ретінде мал шаруашылығының үстем түрде дамуын қалады. Аймақта патриархаттық-рулық қатынастардың орнығып, экономикасының төмен деңгейде дамуы патша өкіметінің отарлау саясаты мүддесіне сай келді. Сондықтан да оңшыл депутаттар столыпиндік заңды қорғап шықты. Алайда Қазақстаннан сайланған депутаттар бұл көзқарастарға өз қарсылықтарын білдірді. Аграрлық комиссияның мүшесі Б. Қаратаев қоныс аудару әдістерін сынап сөз сөйледі. Ұлт зиялысы қоныс аудару үрдісін «күштінің әлсізге зорлығы» деп атады.

Қазақстандық депутаттардың барлығы бірдей ұлттық мүддеде пікір танытпады. Олардың бір бөлігі билеуші топтардың мүдделерін қорғап, жағдайды жағымды түрде бейнелеуге тырысты. 1909 жылы Жетісуға арнайы келген А. Трегубов бүкіл облыстағы қоныс аудару ісін мадақтап, риза болған сезіммен «Верный кіші ауданында бүкіл қоныс аудару ісі дұрыс жолға қойылған» деген пікір білдірді. Алайда мұндай пайымдау Жетісу облысындағы қоныс аудару ісінің меңгерушісі Велецкийдің бұл істің мүлде тәртіпке келтірілмегендігі, қоныс аударушылар арасында аштықтың орын алғандығы туралы хабарламасына қайшы келді.

Саяси, экономикалық зор мәні бар проблема ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары арасына қозғау салды. Қазақ жерлерінің тарылып, дәстүрлі шаруашылықтың іргесі сөгіліп, әл-ауқатының нашарлауына байланысты жер пайдалануда түрлі әдістерді ұстану, жер тапшылығынан отырықшылыққа көшу қажеттілігі және т.б. мәселелер төңірегінде әр алуан пікірлер айтылды. Ұлт зиялылары да ортақ уәжге келе алмай, екі топқа бөлінді. Бірінші топқа отырықшыландыруды уағыздаған Б. Қаратаев, М. Сералин, М. Дулатов еңсе, екіншісінде көшпенді өмір салтын жақтаған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, т.б. қазақ зиялылары құрды. Бірінші топтың мүшелері 1911-1915 жылдары үзбей шығып тұрған «Айқап» журналының төңірегіне шоғырланды. Шаруалар отарлауы, жер мәселесі, тағы сол сияқты түйіткілдер журнал бетінде үнемі жарияланып тұрды. Сонымен бірге патша өкіметінің қоныстандыру саясатының мәнін, мақсатын, жай-жапсарын түсіндіруде үлкен насихат жұмыстарын жүргізді. Журнал беттерінде отырықшылыққа шақыру жайында басылған мақалалармен қатар оған қарсы пікір айтушылардың көзқарастары басылды. Отырықшылыққа көшу, қала салу идеясын ұстану бағытында журнал беттерінде «Қазақ өкпесі», «Тағы да жер жайынан», «Жер мәселесі», «Біздің бұрынғы һәм қазіргі халымыз», «Көшіп жүру керек дейшілердің пікірі», т.б. шағын мақалалар жарық көрді. Айқаптықтар өз заманына лайық ұлттық идеяның көш басында тұрды. Шын мәнінде отырықшылыққа көшу идеясы дау сыз құнды бастама болаты. Сондықтан да олар өз мақалаларында отырықшы өмір салтын насихаттаумен болды. Осындай бағытта М. Дулатов бірнеше мақала жариялады. М. Дулатов жер алып, отырықшылыққа көшу, қала болу, мәдениетті елге айналуға шақыру мақсатында былай деген: «...15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал. Жер аз-көп болса да бұл заманның өнер-білім

заманы болған шақта әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақұрым қалармыз. Надан халық білімді халықтардан өз дінін, хақын сақтай алмай, дүниеде ақыры есебін бітіре алмай қалуы ықтимал». Көріп отырғанымыздай, М. Дулатов қалыптасқан жағдайдан шығар жол – жер алып, отырықшылыққа көшу екендігін жасырмаған. Отырықшылық өмір білім мен мәдениетке жол ашады деп есептеді. Осы көзқарасқа қарсы пікірді «Қазақ» газеті төңірегіне жиналған қазақ зиялыларының бірі – Ә. Бөкейханов білдірді. Ұлтжанды тұлға: «Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-тен жер берді деп егінші бола қоймайды. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-тен жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады... 15-тен жер алмай тұрып жан-жағыңа қара дейтініміз, 15-ті алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, ал бұған мал бағылмайды», – деп жазды. Ә. Бөкейхановтың «15-і» патша өкіметінің «жерге орналастыру» саясатынан шығып отыр. 15 деп отырғаны, патшалық әкімшіліктің әрбір жан басына шаққанда бөлінетін жер үлесі, яғни отбасында қанша жан болса, әрқайсысына 15 десятинадан жер берілді. Осылайша көшпелілерді жер үлесін беріп орналастыру, яғни отырықшылыққа өтуге ынталандыратын шараларды іске асыра бастады. Мәселен, 1905 жылы Егіншілік және мемлекеттік мүлік министрлігі Жерге орналастыру және Егіншілік бас басқармасы болып қайта құрылды. Осыған орай қазақ шаруаларының бір бөлігі жаппай отырықшылыққа көше бастады. Алайда бұл Ә. Бөкейханов көрсеткендей, салдары мен зардаптары қайғылы, зорлық әрекеттер еді. Жалпы қарашекпенділердің қазақ жерлеріне қоныстануына, олардың зорлық-зомбылық әрекеттеріне қазақ халқының жерден айырылып қалу, патша үкіметінің саясатын әшкерелеуге Ә. Бөкейхановтың бірқатар еңбектері арналды. Олардың қоныстандыру тарихын жаңаша зерделеуде алар орны мен маңызы өте зор.

«Айқап» журналы төңірегіндегі зиялылар Ә. Бөкейхановтың көшпелі норма алмау пікірін қолдамады. «Ә. Бөкейханов пен «Қазақ» газетінің отырықшы нормадан көшпелі норманың артықтығы турасындағы пікірлері... залал келтіріп тұр. Неге десеніз, көшпелі норма болған уақытта қазақ жері патшалыққа керек болғандай болса алына береді. Көшпелі норма қазаққа жерді уақытша пайдалануға ғана береді... Егер олар Бөкейханов пен «Қазақ» газетінің сөздеріне еріп, көшпелі қалыпта қала берсе, арты не болмақ». Айқаптықтар патша үкіметінің «отырықшы жұрт нормасына» байланысты құйтырқы саясатының мәні мен астарын түсінді. Осы норма арқылы патша үкіметі өзіне жерді көбірек босатып алуды көздеп отырғанын «Айқап» зиялылары халыққа ұқтырғылары келді. «Отырықшы норманы» алу қажеттілігі жайындағы зиялылардың бағытын отарлау саясатының негізінде қарастырсақ, онда оның сол кезең үшін дұрыс екендігін айтар едік. Себебі Ә. Бөкейханов және «Қазақ» газеті төңірегіне жиналған қазақ зиялыларының ұстанған жолы сол кезең үшін тиімді еді. Өйткені Столыпин реформасынан бері қарай ішкі Ресейден қоныс аударушылардың толассыз ағылуы жағдайында бұрын егіншілік мәдениеті жаппай дәстүрлі тіршілігіне айналмақ қазақ бұқарасы үшін ешқандай да даярлықсыз отырықшылыққа өту дегеніміз, көп ұзамай-ақ жерден айырылып,

қайыршылыққа ұшырап, артынан біржола жоқ болумен тең еді. Жалпы Ә. Бөкейханов қазақ халқының отырықшы тұрмысқа өтуіне қарсы болған жоқ, керісінше «отырықшы нормаға» қарсы шығып, оның салдарының халық үшін мүлде зиянды екендігін ескертті. Себебі Ә. Бөкейханов Қазақстандағы қоныс аудару ісінің жағдайымен терең таныс болды. Қазақтың белгілі ғалымы, саяси қайраткер Ф.А. Щербина экспедициясының жұмысына белсене қатысты. Ол «бірнеше десятина жарамсыз жерді қолайлы жер деп есепке алуды практикаға енгізіу арқылы» қазақ өлкесінің жерін ойыншық еткен, «ешнәрсеге күмәнданбайтын адамдар» туралы терең мысқылмен жазды. Шаруаларды шөлейт және сортаңды далаларға қоныстандырудың көптеген фактілерін салыстыра келіп, ұлтжанды зиялы «жерсіз аш халыққа сусыз қазақ даласын ұсынатын үкіметтің қоныс аудару саясатының санаулы күндері қалды» деген пікір айтты. Ұлттық мүддені жеке басының қамынан жоғары қоя білген ғалым, саяси көшбасшы былай деп жазды; «Қазақтар қазіргі уақытта қоныс аудару учаскелерін кесіп беру кезінде болып жатқанды ессіздік деп санайды... жұмыс жүргізушілер учаскелерінде мал шаруашылығы үшін ең бағалы алаптарды; шабындықтарды, қысқы жайылымдарды, егістіктерді, жақсы суаттарды учаскелерге межелеп алып... қазақтарға тау-тасты, сортаңдарды, батпақтарды, сусыз даланы қалдырды».

Шындығында да патша өкіметі қоныстандыру арқылы жергілікті халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан жайылымдарын талан-таражға салды. «Артық жерлерді» шығарып, отырықшы норманы ойлап тапты. Осылайша, біріншіден, қазақ халқына жер беріп, отырықшылыққа көшіру арқылы патша өкіметі оның қалған жерін тонады. Екіншіден, халықтың отырықшылыққа көшуі амалсыздықтың, шарасыздықтың салдары еді. Кесіліп-тоналған жердің қалған-құтқанын сақтап қалу үшін отырықшылыққа өтуге мәжбүр болды. Солай бола тұрса да патша өкіметі жергілікті халықтың отырықшылыққа көшуін қолдаған түр білдіргенімен бір жағынан оны тежеп отырды.

1909-1910 жылдары қазақ жерін отарлау барысында жаңа кезең басталды деп айтуға негіз бар. Оның негізгі ерекшелігі – қазақ шаруаларының пайдалануындағы жерді көбірек босатып алу үшін оларды бірыңғай отырықшы тұрмысқа көшіру еді. Міне, сондықтан XX ғасыр басындағы қазақ шаруаларының бұрын болмаған көлемде және жедел қарқынмен отырықшы тұрмысқа ойысуының негізгі себебін таптық жіктеліс процесімен емес, әрине оны да жоққа шығаруға болмайды, алдымен отарлау саясатынан іздеу толық негізді.

Ресей шаруаларының қазақ жерлеріне шұбыруын жерлерінен зорлап ығыстырылып, ақыры құмға, шөлейтке шегінуін ұлт зиялылары ашына жазды. Олардың бір тобы «қазақ өзі бөтен жаққа переселен болып көше бастады» десе, екіншілері «...халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналап, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты үкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, атамекеннен ірге қозғалып, қазақтың шаруасының күйзелуі», – деп шындықты бұлттартпай көрсетті. Сонымен қатар қазақ зиялылары қоныстандыру

саясатының қайғылы нәтижелері тек халықты күйзеліс пен кедейлікке ғана емес, сондай-ақ жерінің тозып, табиғи ортасының бүлінуіне әкелгендігі туралы мәселені өз шығармаларында дер кезінде көрсетіп берді.

Отырықшылыққа көшу ХХ ғасыр басындағы ең құнды ұлттық идея болып табылады. Қазақ зиялылары осыны терең түсінді. Отырықшы ел ғана биік мақсаттарға қол жеткізіп, экономикасы, мәдениеті дамыған ел бола алатындығына тарихтан жақсы білетін. Сондықтан да қалалары мен зәулім сарайлары, зауыттары мен фабрикалары, оқу орындары мен театр, т.б. бар жетілген ел болуды аңсаған зиялылар өз пікірлерін ашып жазды. Дегенмен, мұндай отырықшы елге отарлық езгінің ауқымында емес, тәуелсіз мемлекет жағдайында іске асыру қажеттілігін жан-жақты түсінді. Осыған орай туған халқын оқу мен білімге, ғылымға, ұлттық санасын оятып, егемендік жолындағы күреске бағыттауды насихаттады. Айтылғандарға қоса ұлттың таңдаулы азаматтары отырықшылыққа бірден көшпей, бірте-бірте өтудің қазақ халқы үшін тиімді екендігін де жасырмады.

Тарих ғылымында шаруалар қоныстануының салдарын айқындауда түрлі пайымдаулар мен ой-пікірлер орын алып келді. Егер 1950-1960 жылдардан бастап ғалымдар орыс шаруаларының қазақ даласына қоныс аударуын жағымды жағынан көрсетіп, оның прогрессивті тұстарын іздеуге барынша күш-жігерлерін жұмсаса, ал ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы зерттеуші, қоғам қайраткерлері аталмыш процестің шындығын өз туындыларында бүкпесіз жайып салып, ақыры сталиндік-голощекиндік жазықсыз жазаның құрбандарына айналды. Ғ. Тоғжанов, С. Сәдуақасов, Т. Шонанұлы, Т. Рысқұлов қоныстандыруды «шаруалар отарлауы» деп атады. Олар «патша өкіметі қара шаруаларды Қазақстанға көбірек шығарып, сол арқылы Ресейдегі жер дағдарысынан, аграрлық қайшылықтардың шиеленісуінен құтылмақшы болды, осылайша қазақ жерлері зорлықпен тартып алынды» деген тұжырым жасады. ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басындағы экономикадағы қалыптасқан жағдайды С. Сәдуақасов «осы саясаттың нәтижесінде Қазақстанның егін егуге қолайлы жерлерінің бәрі бірте-бірте қарашекпенділердің қолына көшті де, қазақтар құм мен шөл далаға ығыстырылды. Сөйтіп, қазақ даласы көкірек ауруға ұшыраған адамның өкпесіндей шұрық-тесікке айналды», – деп жазды.

Құнарлы жерден айырылып, ырыздық бұлағынан жырақтаған қазақ байғұстардың шаруасы күйзеліп, күн көрісі жылдан-жылға қиындады. Малдың оты мен суы тапшы, адамның тамағы тапшылығынан тұтас ауылдар аштыққа ұрынды. Аш-жалаңаш ісініп-кебінгендер арасын әртүрлі жұқпалы дерт жайлады. Қара сирақ кедейлік, асы барға кіріптарлық белгілі бір ауыл, аймақта ғана емес, атамекенінен қуылған аталар мен рулар, тайпалар арасында бұқаралық сипат алды. Қоныстанушылар қазақ жерлерін тартып алып қана қоймай, қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени өмірінде де елеулі өзгерістер жасады. Патшалық биліктің қазақ даласындағы әлеуметтік тірегі ретінде жергілікті билеушілерге қажетті жағдайда қорған бола білді. Атап айтатын мәселе, қарашекпенділердің есебінен өлке халқының саны көбейді. Мысалы, келімсектер саны ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында 1,3 миллион



болса, 1916 жылы 2,2 миллион адамға жеткен. Керісінше, 1902-1903 жылдары қазақтар 9%-ға азайған. Шұрайлы жерлерден айырылған халықтың азып-тозып, қайыршылыққа ұшырап, азаюы қоныстандыру саясатының тікелей зардаптары екендігі даусыз. Орыс және украиндықтардың қазақ жерлеріне ағылып келуі өлкенің этникалық құрамын өзгертті. 1914 жылға қарай қазақтардың үлес салмағы барлық тұрғындардың жалпы саны бойынша 60%-ға төмендеп, орыстар мен украиндықтардың үлес салмағы күрт өсіп, 29,6%-ға жеткен.

Қазақ халқының жаппай жерсіз қалуы, қайыршылануы және соның салдары ретінде әлеуметтік шиеленістің өсуі реформаның күйінішті қорытындысы болды. Қарсылықтың стихиялық көріністері қожайындарды, өкімет өкілдерін соққыға жығудан, салықтар төлеуден бас тартудан, малды айдап әкетуден, егістіктерді таптаудан және басқаларынан көрінді. Ежелгі жерінен айырылған байырғы тұрғындар өз құқықтарын заңды әдістермен – өтініштер беру арқылы қорғауға тырысты. Жерінен айырылып, тіршілігі нашарлаған, шарасыздықтан не істерін білмей, жергілікті билеушілерден көмек сұраған мазмұнға толы өтініштерді мұрағат қорларынан көптеп кездестіруге болады. Мәселен, мынадай бір өтініштің мазмұнына қарасақ, онда былай делінген. Өтінішті 1913 жылдың қаңтарында Есімболат Досбаев пен Ғали Оспанов өз ауылының атынан Торғай – Орал ауданы қоныс аудару ісінің меңгерушісіне жазған. «Шыңғырлау болысы №4 ауыл қырғыздарының ең жақсы шұрайлы жерлері қоныс аудару қорына тартып алынды, ал бізге жарамсыз жерлер ғана қалдырылды. Осыған орай бізге мал жайылымы және егіншілік үшін учаскелерді кесіп беруіңізді сұраймыз». Жергілікті тұрғындардың атынан жазылған өзге өтініштер тәрізді бұл өтініштегі сұраным қанағаттандырылмады. Жер учаскелерін беруден бас тартылған жауап осы кездегі барлық өтініштерге тән құбылыс еді.

Қоғамдағы осындай өзгерістерге қарамастан қазақ халқы алдыға қарай жылжып, дами берді. Қазақ халқының экономикадағы, әлеуметтік саладағы және мәдениеттегі алға жылжуы патша өкіметінен тәуелсіз, озбыр отарлау саясатына қарамастан жүрді. Тағдыр тәлкегін талай көрген халық бұл жолы да қарап отырмады. Шаруашылық пен саяси басқарудағы, әлеуметтік құрылымдағы жағымсыз жаңалақтардан өзіне тиімді тұстарын пайдалануға ұмтылды. Ең алдымен өзге ұлт өкілдерімен тіл табысып, «тамыр болуды» ойластырды. Олардың өмір салтының жағымды жақтарын көре біліп, соларды алуға тырысты. Орыстың мұжығымен жақын болып, егіншіліктің құпия сырларына қанығуды да ойдан шығармады. Дегенмен, «орыспен жолдас болсаң, айбалтаң жаныңда болсын» деген дана қағиданы бір сәт естен шығармады. Десек те, қалыптасқан жағдайды бастан кешіріп, қандай ауыр болмасын, заман сынағынан өту, тәуелсіз мемлекетті жаңғырту басты мәре ретінде күн тәртібінен түспеді. Бодандық бұғауында, көпұлтты империяның құрамында өмір сүре отырып, басқа халықтың өкілдерімен тату-тәтті ғұмыр кешу, қарапайым ұлт өкілін сыйлау қажеттілігін дана халық сол кездің өзінде терең түсінген. Халықтың ділі мен дінінде, ата салтында өзгені сыйлау деген ұғым жатталған болатын. Меймандос, барын басқамен бөлісе білетін қазақ келімсектерді де жат

көрмей, төрін берді. Өзі есікте қалса да қолындағы барға қанағат етті. Алайда бостандық үшін күреспей болашағының тұманды болатынына анық көз жеткізді. Сондықтан да бостандық үшін күрестің құралы білім, ғылым деп түсінді. Ұлттық сананы оятып, халықтың саяси деңгейін көтеріп, қан төкпей өркениетті жолмен тәуелсіздікке ұмтылу қажеттілігін ұлт зиялылары бұқараға түсіндіруден жалықпады. Ал ХХ ғасыр басында тарих сахнасынан орын алған оқиғалар олардың насихатының дұрыстығына көз жеткізді.

Қазақ халқының тіршілігі мен тұрмысында, санасы мен жадында осындай идеялар тұрса, патшалық билеушілердің билігі күннен күнге дағдарысқа ұшырай берді. Самодержавие өзінің тығырыққа тірелгендігін ашық мойындамаса да, биліктің әдіс-тәсілдері таусылып, келеңсіз жайттар империяны жайлады. Патшалық биліктің алдына қойған мақсат-міндеттері де іске асырыла қоймады. Солардың бірі – қоныс аудару түйіткілдері. Қазақ даласына келімсектерді сендей соқтырған билік қоныс аударуда шешілмеген мәселердің шаш етекпен екендігіне көз жеткізді. Ақырында ресми ұйымдар қоныс аудару саясатының оған артқан үмітті ақтай алмағанын мойындады. Қоныс аудару және отарлау мәселелері жөніндегі комиссия 1917 жылдың тамыз-қыркүйегінде елдің қоныс аудару ісінің жағдайын талқылап, мынадай қорытындығы келді: «Екіншілік-отырықшылық отарлауы... тұйыққа тірелген сияқты. Бұрынғы мейірбан қоныс аударудың аяқталар кезі келді». «Қоныс аудару» деген терминнің өзін «отарлау» деген сөзбен біржола ауыстыру ұсынылды. Отарлау саясаты енді ел экономикасын дамытудың жалпы жоспарын негізге алды, мұнда шет аймақтар зор рөл атқаруға тиіс еді. Өнеркәсіптік отарлауға шешуші мән берілді. Ол ауыл шаруашылығын да көтеруге тиіс болатын. Комиссияның анықтауы бойынша, қоныс аударушылар таптан тыс болуға, оның материалдық қаражатының қажетті қоры, күш-жігері және алғырлығы болуға тиіс. 1917 жылдың қазан айындағы белгілі оқиғалар бұл жоспарды жүзеге асыруға бөгет жасады. Алайда империяның басқа шет аймақтары сияқты Қазақстанды да жергілікті халықтың мүдделері туралы сөз етілмейтін қатаң да прагматикалық отарлау жүйесі күтіп тұрғаны анық еді.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Орыс шаруларының қазақ даласына қоныс аударуының себептері.
2. Отырықшы жер нормасы және оған көзқарастар.
3. ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы жер мәселесі.
4. Байырғы халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауы.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3-т. – Алматы: Атамұра, 2002.
3. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Т. I-IX. – Алматы, 2007.
4. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы, 1995.
5. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. Т.1. – Л.: Госполитиздат, 1941.
6. История КазССР с древнейших времен до наших дней / под ред. М. Абдыкалыкова, А. Панкратовой. – Алма-Ата: КазОГИЗ, 1943. – С. 23.
7. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. – М.: Академия Наук СССР, 1957.
8. Бекмаханов Е.Б. XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан. – Алматы, 1993.
9. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. – Алма-Ата: Академия Наук КазССР, 1948.
10. Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). – Алматы: Білім, 1999.
11. Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начале XX веков. – Алма-Ата, 1983.
12. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. – Алма-Ата, 1965.
13. Бекмухаметов Е.Б. Цветная металлургия и горное дело дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата, 1964.
14. Игибаев С. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана 1861-1917 гг. – Алма-Ата, 1991.
15. Фридман Ц.Л. Иностраный капитал в дореволюционном Казахстане. – Алма-Ата, 1960.
16. Бекмухаметов Е.Б. Цветная металлургия и горное дело дореволюционного Казахстана.
17. Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата, 1963.
18. Алампиев П.М. Ликвидация экономического неравенства народов Совтского Востока и социалистическое размещение промышленности. Исторический опыт Казахской ССР. – М., 1958.
19. Шаукенбаев Т. Урало-Эмбенский нефтяной район. – Алма-Ата, 1961.
20. Асылбекова Ж.М. Национальные индустриальные кадры Казахстана в конце XIX – начале XXI вв. Социально-демографический аспект. Автореферат на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Алматы, 2007.

21. Касымбаев Ж.К. Казахстан – Китай. Караванная торговля в XIX – начале XX вв. – Алматы, 1996.
22. История городов Казахстана. – Петропавловск. – Алма-Ата, 1985.
23. Фридман Ц.Л. Банки и кредит в дореволюционном Казахстане. – Алма-Ата, 1974.
24. Түркістан уалаятының газеті. – Алматы, 1998.
25. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX вв. – Алма-Ата, 1971.
26. Нусупбеков А. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане. – Алма-Ата, 1966.
27. «Айқап». – Алматы, 1995.
28. Әбдіманов Ө. Қазақ газеті. – Алматы, 1995.
29. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995.
30. Әсіп С. Қазақ қасіреті. – Алматы, 1995.